



Қарағанды
чемпионын
ұлықтады



2-бет

Қасиетті
Қарқаралыдан –
қарт Семейге



6-бет

Ғалым
ғибратының
ғақлиясы



8-бет

Жанам деген жүректерге от берген

Қарағанды белсенді, максатты жастардың арманына тұғыр болып, бір күнге еліміздің ғана емес, әлемнің түпкір-түпкірінен келген еңбекшіл жастарының жүрек қалауын біріктірген үлкен алаңға айналды. Индустриялық орталықта өткен Халықаралық жұмысшы жастар форумы Қазақстан мен шет мемлекеттердің, атап айтқанда, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, АҚШ-тың жас мамандарын, студенттерін, тәлімгерлерін және тұтас еңбек династияларын тоғыстырды. Олардың барлығын біріктірген ортақ мақсат – адал еңбек қоғамның тірегі екенін, жұмысшы мамандықтары бүгінде тек сұранысқа ие ғана емес, тұлға мен елдің дамуына кен өріс ашатынын дәлелдеу. Сондай-ақ, форумның көздеген тағы бір мақсаты – жұмысшы мамандықтарының экономиканың тірегі ғана емес, отбасы мен ел үшін мақтаныш көзі екенін паш ету болды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Болашаққа бастар жол
Форум шараның мәні мен мақсатын дәл берген «Ұрпақтан-ұрпаққа: болашаққа бастар жол бүгін басталады» ұранымен өтті. Студенттер мен жас мамандар, ардагерлер мен тұтас еңбек әулеттері бір алаңда бас қосып, тәжірибе алмасып, жаңа идеялармен бөлісуі осының дәлелі. Шабыт пен идеяға толы форумның ресми ашылуында сөз сөйлеген Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл оқиғаның аймақтық қана емес, халықаралық маңызға ие екенін атап өтті.

– Бүгін күнделікті экономиканың шынайы қаһармандары – өндіріс, энергетика, көлік және құрылыс салаларын дамытып жүрген жас мамандар бас қосты. Бұл – жай ғана өңірлік шара емес, мыңнан астам қатысушыны біріктірген халықара-



лық форум. Сіздер еңбектен қашпайтын, өсуге, дамуға және жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын жас буынсыздар. Дәл осындай мамандар өндіріс, энергетика, көлік пен құрылыс саласын ілгерілетеді. Форумда айтылған барлық ұсыныс пен идея ескерілетін болады. Мемлекет тарапынан әрқашан қолдау бар. Президенттің бастамасымен бұл жыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болып жарияланғаны да осының дәлелі. Бұл – еліміздің болашағы үшін жас мамандардың маңызын айқындау, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Аймақ басшысының айтуынша, облыста 130 мыңнан астам адам жұмыс істей-

тін мыңға жуық зауыт пен фабрика бар. Оларда еңбек ететіндердің 85%-ы – жұмысшы мамандықтары. 23 мыңға жуығы – жұмысшы жастар. Бұл – орасан зор әлеует. Сондықтан, облыста жас мамандарды қолдау үшін қолдан келгенін бәрі жасалуда. Ал, алда дуалды білім беруді енгізу, жұмыс орындарымен жаңа жобаларды іске қосу кәсіпорындар мен компаниялардың сұранысына сәйкес кадрлар даярлаудан бөлек, тұрғын үй бағдарламаларын дамыту сияқты жоспарлар да бар. Жас мамандар үшін бағдарламалар мен модификациялар жалғасуда. Үш жыл ішінде 300-ден астам несие берілген. Жұмысшылар облыс орталығы мен қалаларда ғана емес,

ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларында толыққанды жұмысқа кіріскен. «Мұның бәрі – жай сөз емес, нақты қадамдар», – деген Ермағанбет Бөлекпаев ел ертеңі – жігерлі жастардың қолында екенін де жеткізді.

Ең қуатты энергия

Форумның бағдарламасы мазмұнды әрі қызу өтті. Диалог алаңдарында жастар өздеріне үлгі болатын кәсіби мамандармен және шетелдік делегаттармен тікелей пікір алмасып, тәжірибе жинады.

➤ 2-бет

• РЕСМИ

Сан емес, сапа маңызды

Қазақстандағы университеттерді қаржыландыру студенттердің санына ғана емес, олардың жұмыс сапасына да байланысты болмақ. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов мәлімдеді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, қаржыландырудың жаңа моделі жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестікті арттырып, оларды білім беру бағдарламаларын жақсартуға ынталандырады.

– Президент Жолдауында университеттер үшін гранттардың мөлшерін сапасына қарай саралауды тапсырды. Енді қаржыландыру тиімділіктің нақты көрсеткіштерімен байланысты болады, – деді Асхат Аймағамбетов.

Заң жобасында бірнеше норма бар. Мәселен, халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары 6 млн теңгеге дейін қаражат ала алады. Олардың мұғалімдері үшін де көтермелеу қарастырылған. Балабақшаларға арналған жер учаскелері қорғалады. Учаскелерді жекеменшікке беруге немесе олардың мақсатын өзгертуге болмайды. Грантпен оқыған, бірақ қиын жағдайларға тап болған түлектерге жеңілдіктер беріледі. Жеке мектептерге ат қою да бақылауға алынбақ. Бұл мәселе енді ономастикалық комиссиямен келісілетін болады.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Семейге тікелей ұшамыз

23 қыркүйектен бастап «Қарағанды-Семей» бағытында сыйымдылығы 50 орындық Bombardier CRJ200 әуе лайнері қатынай бастады. Жолаушыларға жайлы бұл сапарды «SCAT» әуе компаниясы жүзеге асырады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Рейс аптасына екі рет: сейсенбі және жұма күндері. Билет құны – 15 000 теңге. Бағасы қолжетімді болу үшін бұл бағыт республикалық бюджеттен субсидиялануда. Жаңа әуе қатынасы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті мен Абай облысы әкімдігінің қолдауымен ашылды.

Жаңа бағыттың іске қосылуы өңір тұрғындарына бұрынғыдан да ыңғайлы әрі жылдам жол жүруге мүмкіндік береді. Әсіресе әлеуметтік маңызы бар аймақаралық қатынасқа серпін берері анық.

Сонымен қатар, Қарағанды әуежайынан Ақтау мен Орал қалаларына да тікелей рейстер ашылды. Бұл бағыттағы әуе рейстері де аптасына екі рет – сейсенбі және жұма күндері.

• ЕРТЕҢ – ЕҢБЕК КҮНІ

Бейбіт күннің берекесі – еңбекте

Еңбек – елдің даму жолындағы басты құндылық, мемлекеттің еңсесін көтеріп, халықтың әлауқатын арттыратын, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін берік тірек. Осы орайда, қоғамда еңбек адамына деген құрметті арттыру, олардың қажырлы қызметін бағалау және жастарды өнімді еңбекке ынталандыру мақсатында елімізде 2013 жылдан бері қыркүйек айының соңғы жексенбісінде Еңбек күні аталып өтуде. 2025 жылдың – «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп аталуы да бұл бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыспен қамту – басты басымдық

«Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру» идеясы негізінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік әділеттілік, еңбек адамын қорғау, жұмыспен қамту мен табыс көлемін арттыру, еңбек қауіпсіздігін күшейту сынды стратегиялық тапсырмалары жүзеге асырылуда.

Осы орайда Еңбек күнінің басты мәні – өз ісіне адал, табандылығы мен еңбегі



арқылы қоғамның дамуына үлес қосқан азаматтарды ұлықтау екенін атап айту қажет. Бұл мереке – өнімді еңбектің өнегесін көрсету, ұрпаққа үлгі болар тұлғаларды дәріптеу арқылы жұртты қажырлы еңбекке ынталандыруды көздейді.

Сол мақсатта жыл сайын ел көлемінде түрлі салада тер төгіп жүрген еңбеккерлерге құрмет көрсетіліп, «Еңбек ардагері» медалі табысталады. Бұл марапат 2014 жылы 31 шілдеде Үкіметтің арнайы Қаулысымен бекітілген болатын. Аталған ме-

даль белгілі бір салаға ғана емес, жалпы еңбек майданындағы үздік көрсеткіштерге арналған алғашқы және әзірге жалғыз ведомстволық награда.

➤ 4-бет

• ҚҰРМЕТ

Қарағанды чемпионын ұлықтады

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бокстан Ливерпуль қаласында өткен әлем чемпионатында топ жарған Аида Әбікееваны қабылдап, жеңісімен құттықтады. Әрі чемпионға құрмет ретінде су жана автокөліктің кілтін сыйға тартты. Одан бөлек, жеке бапкері Ислам Әбдірайымовқа 5 миллион теңге көлеміндегі ақшалай сертификат тапсырды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлесіміздің жеңісті жорығы ел жадында ұзақ сақталары анық. Әр жекпе-жегі намысты жанып, елдің рухын көтерген нағыз тартыс болды. Ширек финалда 2020 жылғы Олимпиада чемпионы, әрі бұның алдында өзі жеңіліп қалған түркиялық Бусеназ Сюрменелімен қолғап түйістіргенде біріміз тақым қыстық. Жігер мен табандылық, еліне деген махаббаты жеңіс сыйлады. Ал, алтын үшін аймақта өзбекстандық боксшы Навбахор Хамидовадан «Айласын асыра ала ма?» деп алаңдап едік. Ол кездесуде де қарсыласынан еш қайымқыпай, жанкештілік танытты.



Әрі осы турнирде екінші мәрте әлем чемпионы атанып, ел мерейін асқақтатты. Өңір басшысы да чемпионның жеңіс жолын көпке үлгі етіп, алдағы жарыстарына сәттілік тіледі.

– Барша облыс тұрғындарының атынан алғыс айтамын.

Бұл – орасан зор жетістік! Сіздің жеңісіңіздің арқасында халықаралық аренада Қазақстанның туы көтеріліп, 60-тан астам елдің алдында Өнұранымыз шырқалды. Біз сізді мақтан тұтамыз. Алда сізді бұдан да жарқын жеңістер күтіп тұр, – деді өңір басшысы.

Жеңіс – бір адамның ғана еңбегі емес. Әрбір биіктің артында тынымсыз терін төккен жаттықтырушылар мен қолдауын аямаған ата-ана тұрады. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Осы орайда аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Аида Әбікееваның жеңіс жолында өлшеусіз үлес қосқан ұлттық құраманың бас бапкері Елдос Сайдалин мен бокстан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Аиданың жеке тәлімгері Ислам Әбдірайымовқа ерекше алғысын білдірді.

– Сіздердің еңбектеріңіз бен табандылықтарыңыз әлемдік дең-

гейдегі чемпионды тәрбиелеуге жол ашты, – деп ықылас білдірді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Кездесуден кейін чемпион да сөз алып, көпшілікке алғысын жаздырды.

– Әлем чемпионатынан кейін кездесулер өте көп болды. Соның салдарынан толыққанды демалуға уақыт болмай жүр. Осындай қолдау үшін баршаңызға алғыс білдіремін. Қазақстан халқына, туған жеріме ерекше ризамын. Бұл көлік туған елімнің маған міндізген екінші көлігі, – деп ағынан жарылды чемпион.

Чемпионның ендігі мақсаты – 2028 жылғы Олимпиада ойындарына қатысу. Қазір жерлесіміз шамалы уақыт демалысқа шықпақ. Содан кейін Азия ойындары мен әлем кубогына дайындықты қайта бастайды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӨЗЕКТІ

Бизнес пен бақылау арасындағы ашық алаң

Қарағандыда кәсіпкерлер мен бақылаушы органдар ашық диалог алаңында бас қосты. Атап айтқанда, облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысовтың төрағалығымен өткен бірыңғай есеп беру күнінде салық, еңбек, санитарлық, төтенше жағдай, көлік, құрылыс және медициналық қадағалау қызметтерінің өкілдері бизнес-қауымдастық алдында есеп беріп, тексерулер мен айыппұлдар туралы деректерді жариялады. Кездесу тек құрғақ статистикамен шектелмей, кәсіпкерлерді мазалайтын нақты мәселелер мен оларды алдын алудың жолдарын талқылауға бағытталды. Бұл туралы облыстың кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі хабарлады.

Ұсынылған мәліметтер тексеру, айыппұл және анықталған бұзушылықтарға қатысты болды. Мемлекеттік кірістер департаменті сомасы 800 миллиард теңгеден асатын 19 мыңға жуық хабарлама жасалғанын хабарласа, еңбек инспекциясы жалақы төлеу және келісім-шарттардың болмауы бойынша өтініштердің өскенін көрсетті. Өрт сөндірушілер мен санитар дәрігерлер қауіпсіздік талаптарын бұзудың жүздеген фактісін анықтаса, көлікті бақылау органдары жүздеген миллион теңге айыппұлдар туралы мәлімдеді. Медициналық-фармацевтикалық қадағалау дәрілік заттарды айналымға енгізудегі заңбұзушылықтарды атады.

Облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов баяндамалардың тек сандармен шектелгенін сынап, бизнес тарапынан жиі кездесетін бұзушылықтарды жоюға қатысты талдау мен ұсыныстардың жоқтығын атап өтті.

– Бізге тек статистиканы емес, проблемалардың алдын алу бойынша нақты қадамдарды көру маңызды. Өр тексеру алдын алу сипатына ие болуға тиіс, – деді Ермек Амантайұлы.

Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов болса, барлық тексерулердің төрттен бірі са-

лық органдарына тиесілі екенін, одан кейін еңбек инспекциясы, ТЖ департаменті және санитарлық қызмет келетінін айтты.

Ернар Дауылұлы кәсіпкерлерге шамадан тыс қысымды азайтудың маңызды құралы ретінде тексерулер тәжірибесін реттеуге мүмкіндік беретін міндетті талаптар тізілімін атады.

Кездесу «ашық микрофон» форматында жалғасты. Кәсіпкерлер білім беру орталықтары мен балабақшаларды лицензиялау, арнайы салықтық режимдерді қолдану, мемлекеттік сатып алулар, тарифтер және қаржыландыруға қол жеткізу мәселелерін көтерді. Ұсыныстар әрі қарай қаралатын болады.

Осындай форматтағы кездесулер бизнес пен бақылаушы органдар арасындағы сенімді арттырып, тексерулердің сапасын жақсартуға, ал кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын күшейтуге мүмкіндік береді. Сарапшылардың пікірінше, мұндай ашық диалог алаңдары алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізіліп, өңірдегі кәсіпкерлік органы дамытуға, заңсыз тексерулердің алдын алуға және шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға оң әсерін тигізбек.

Өз тілшімізден

Жанам деген жүректерге от берген

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, 2011 жылы үлкен жол апатына ұшырап, соның салдарынан екі аяғынан айырылған Айсаулу Сүлейменова Қазақстанның паралимпиада құрамасында жаттығады. Ол биыл Чехияда өткен «Olomouc Grand Prix» халықаралық турнирінде 100 метр қашықтықта күміс, 200 метрде қола жүлдеге ие болған. Бүгінде ол – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің цифрландыру бөлімінде жетекші инженер.

Ал, Түркиядан келген Қуддис Тахшин Йылдар жастардың қоғамдық жобаларға белсене араласуы туралы тәжірибесімен бөлісті. Өзбекстан делегаты Абдулазиз Абдухамидов волонтерлік қозғалыстар жайын әңгімеледі. АҚШ-тан келген Джонатан Ли Роллинс «Күшті мемлекет мықты әрі кәсіби мамандардан басталады» деген сөзімен қатысушылардың зор қолдауына ие болды.

ECO Network жобасының негізін қалаушы Евгений Мухамеджанов жастарды армандаудан қорықпай, жаңа жобаларды батыл қолға алуға шақырды. «Жастарда ең қуатты энергия бар. Бастысы – сол мүмкіндікті жіберіп алмау», – деді ол.

Мақтаныш әрі үлгі

Форум аясында жұмысшы жастар мен еңбегі еленген әулет, еңбек адамдары марапатталды. III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісімен Аймағұл Қырықбекова, «Ең үздік еңбек әулеті» номинациясымен Шахтинск қаласынан Волокитиндер отбасы, «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» номинациясы бойынша Балқаш қаласынан Ерлан Сыздықов марапат алды.

«Қазақмыс Холдинг» ЖШС Директорлар кеңесінің Құрмет грамоталарымен Ксения Караваева мен Шарбану Калманбаева марапатталды.

Сондай-ақ, «КәсіпҚорған» кәсіподағының төрағасы он еңбек ардагеріне төсбелгі табысты.

Қарағанды облысында бүкіл үрім-бұтағымен бір салада еңбек етіп жүрген әулеттер көп кездеседі.

Атап айтқанда, көмір өндірісінде төрт жүз жылдық жинақталған еңбек өтілі бар Шахтинск қаласынан келген Волокитиндер әулеті «Еңбек жолы» республикалық конкурсының облыстық кезеңінде үздік деп танылды. Бұл әулет ұрпақ сабақтастығының нақты көрінісі.

– Бізде еңбек эстафетасы әкеден балаға, немереге жалғасып келеді. Бұл – ауыр, бірақ құрметті еңбек. Жастарды жұмысшы мамандықтарын таңдауға шақырамын, – деді әулет өкілі Сергей Волокитин.

Зейнетке шықса да, еңбектен қол үзбеген ол әскери борышын өтеп келгеннен кейін Долинская шахтасында 16 жыл еңбек еткен. Ал, қазір Ленин шахтасында тау-кен шебері болып жұмыс істейді. Мұндағы еңбек өтілі – 24 жыл. Ба-



лалары да осы саланы тандап, әке жолын қуған.

– Қызым да шахтада жұмыс істейді, аға табылшы. Қазір немерелерім де осы жолды таңдағалы жүр. Біздің сала – өте ерекше сала. Қайда барсаң да, бұл кәсіп бағаланады. Адамда ниет болса – болғаны, қалғаны өздігінен келеді. Қазірдің өзінде жастарда осы салаға қызығушылық бар сияқты. Біздің буын азайып барады. Ал қазіргі қарым-қатынас бұрынғыдай емес. Десек те, кіші буыннан да үйренетін нәрсе табуға болады, соны бойға сіңіру керек. Оқу мен үйрену ешқашан да кеш емес, тіпті жас талғамайды, – дейді ол.



– Бұл өзге өңірлерде жастарды қолдау бағдарламалары қалай жүзеге асырылатынын білуге, тәжірибе бөлісуге және жаңа серпін алуға тамаша мүмкіндік. Бүгін жұмысшы мамандықтарының болашағы зор. Бастысы – әрекеттен қорықпау, – деді ол.

Одан бөлек, «Өндірістегі үздік жас жұмысшы» аталымын 23 жастағы инженер-технолог Жұлдызай Байдүйсен иеленді. Кез

келген салада бағынның жануы адамның өзіне байланысты дейді. Ол Қарағанды жоғары политехникалық колледжінде «станция кезекшісі және өткел кезекшісі» мамандықтары бойынша білім алған. Мұндай саланы таңдауына отбасының әсері мол болыпты. Әкесі мен ағасы теміржол саласында қызмет етеді. Теміртаудағы «Жаңа ауыл» станциясында еңбек жолын жүк қабылдау операторы болып кара-

пайым жұмысшы мамандығынан бастаған ол кейін тасымал құжаттарын өңдеу операторы қызметіне жоғарылаған. Жалынды жас маман қазір ҚТЖ-да бір жарым жылдан бері жетекші инженер-технолог болып жұмыс істейді. Айтуынша, жұмысшы жастар үшін болашақ бар.

– Біздің ұжым жастарға әрдайым қолдау көрсетеді. Дегенмен, әр салада бағы жану адамның өзіне байланысты. Егер сіздің ұмтылысыңыз болса, басшылық оны міндетті түрде байқайды, әрі қарай сізге қолдау көрсетеді. Мен де сондай қолдауды сездім, – деді Жұлдызай Байдүйсен.

Сондай-ақ, шара барысында Қазақстан Республикасы Ақпарат және мәдениет министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров аймақтық «Жасыл ел» штабының ерекше көзге түскен 15 қатысушысын марапаттады.

Форум концерттік бағдарламаға ұласты. Бастысы – қатысушылар жаңа идеялармен қатар, ерекше шабыт алғанын айту керек. Қарағандылық еңбекші жастар бұл күнді ұмытпайтыны анық. Себебі, дәл осындай алаңдар елдің болашағын жасайтын мықты мамандарды шынайдытыны сөзсіз.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Әлем мойындаған құбылыс

Қазақ халқының маңдайына біткен ұлы ғалымы, атақты химик, академик Евней Бөкетовтің биыл 100 жылдық мерейтойы елімізде кең көлемде атап өтілді. Мерейтойлық іс-шаралар легі жер-жерде өткізілген болатын. Бұл жолы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінде «Е.Бөкетовтің ғылыми көкжиектері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияға Ұлыбритания, Қытай, Венгрия, Түркия, Ресей, Беларусь, Өзбекстаннан келген шетелдік ғалымдар, Парламент депутаттары, еліміздегі жоғары оқу орындарының басшылары мен ғалымдары, университет түлектері қатысып, Евней Бөкетов тұлғасының және оның еңбегінің халықаралық маңыздылығын атап өтті. Бұл жиын – Евней Арыстанұлының ғасырлық мерейтойының қорытындысы болды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Конференция басталар алдында облыс әкімі мен қоңақтар академик Бөкетовтің ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

– Бұл мерейтой – өңір үшін ғана емес, барша қазақ елі үшін маңызды айтулы шара. Біз бір жыл бойы Евней Арыстанұлының 100 жылдығына орай бірқатар іс-шаралар өткіздік. Тіпті, АҚШ-тың беделді университетінің бірі Джордж Вашингтон университетінде «Вашингтондағы Бөкетов күні» ғылыми-танымдық жиыны өтті. Бүгінгі конференция сол атқарылған жұмыстың негізгі түйіні болмақ, – деді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков.

Конференцияға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, қатысушыларды ғалымның 100 жылдық мерейтойымен құттықтап, университет ұжымының атына келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

Президент конференцияның ашылуымен құттықтап, Евней Бөкетовтің 100 жылдығына арналған халықаралық жиында ғалымның есімін мәңгі есте қал-



дыруға және оның бай мұрасын сақтауға қатысты мазмұнды ойлар мен ұсыныстар айтылатыны-

на сенім білдірді.

– Осы оқу орнының түлегі ретінде мұндай маңызды шараға

қатысып отырғанымға қуаныштымын. Шын мәнінде ауқымды ойлайтын тұлға негізін қалаған университеттің болашаққа сеніммен қарайтынын көру – ерекше сезім. Бұл мұраны сақтап, дамытуға атсалысыңыздар. Білімге деген құштарлықтарыңыз сарқылмасын, әрқашан жандарыңыздан қолдау көрсетіп, шабыт беретін жандар табылсын! – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Конференцияға Қазақстан Республикасы Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, Ұлыбритания, Қытай, Венгрия, Түркия, Ресей, Беларусь, Өзбекстаннан келген шетелдік ғалымдар, еліміздің жоғары оқу орындарының басшылары мен ғалымдары, университеттен білім алған елге белгілі тұлғалар, Е.Бөкетовтің туыстары, мәдениет қайраткерлері мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

– Бұл конференцияның маңызы өте зор. Ата-бабаларымыз білім мен ғылымды – дүниенің қозғаушы күші деп санаған. Ев-

ней Бөкетов – қазақ халқының арасынан шыққан ғұлама ғалым, өмірде із қалдырған тұлға ретінде барлық құрметке лайық. Әрі бүгінгі таңда университеттің оның есімін алып жүруі – біздің үшін зор мәртебе. Өйткені, ол – әлемге танылған ғұлама, үлгілі ғалым. Адамдық болмысы, оның ғылыми жаңалықтары мен жүріп өткен өмір жолы қанша уақыт өтсе де, жас ұрпақты тәрбиелеуге өнеге болып қала береді, – деді Парламент Мәжілісінің депутаты Құдайберген Бексұлтанов.

Аталған шарада Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Серік Ақсұнқарұлы академик Евней Бөкетовтің мерейтойына жүрекжарды лебізін өлеңмен өрді.

Алқалы жиынға Евней Бөкетовтің қызы, Қазақ-Британ техникалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Ақсұлу Евнейқызы Алматы қаласынан арнайы келді. Ақсұлу Евнейқызы Бөкетовтер әулетінің атынан кең көлемде мерейтойлық іс-шаралар ұйымдастыруда белсенділік танытқан облыс әкімдігі мен университет басшылығына шынайы ризашылығын білдірді. Ол өз сөзінде Евней Бөкетовтің өндірістік өлкеге келіп, ғылым саласын қалыптастыру жолында еңбек етуіне академик Қаныш Сәтбаевтың зор үлесі болғанын айтты. Бөкетовтің өзі таңдаған мықты кадрлардың, оның көзін көрген, тәлімін алған шәкірттерінің осы өлкеде еңбек етіп келе жатқанын, олардың әлі күнге дейін әкесі жайлы жазылы естеліктер айтатынын тілге тиек етті.

– Евней Арыстанұлы Химия-металлургия институтын басқарған кезде жанына бір топ үзегілерестерін жинады. Оның көптеген шәкірттері ұзақ ғұмыр кешіп, ғылыми әлеуетін арттырды. Бүгінде бәрі оны ұмытпай, құрметпен еске алады. Таңғаларлығы, ол 1972 жылы таңдаған кадрлар әлі күнге дейін осы жерде еңбек етуде, – деді ол.

«Жақсының аты өлмейді» деген осы болса керек. Ақсұлу Бөкетова отбасында ғалымның қандай әке болғанын да айтып берді.

– Евней Арыстанұлы тек ғалым ғана емес, мейірімді әке де болды. Бала күнімізде біз мерекелер қарсаңында балалар концертін ұйымдастыратынбыз, ол бізге арнап өлеңдер жазатын, газетімізді шығаруға көмектесетін. Қойған концертімізді тамашалап, көңіл көтеретін. Бірақ бала



тәрбиесінде өзіне тән талаптары бар еді. Ол тамаша эрудицияға ие болатын, кез келген жағдайда өлеңді жатқа оқып сала беретін еді. Өміріндегі ең күрделі сәттерде де ол әзіл айтатын, қалжыңқойлығын жоғалтпады, – деді қызы Ақсұлу Бөкетова.

Ғалым халықаралық конференцияның барлық қатысушыларына ғылыми идеяларын дамытуға сәттілік тіледі.

Конференция барысында Евней Бөкетовтің ғылыми еңбектері мен шығармалары топтастырылған 7 томдық кітаптың тұсауы кесілді. Мұнда бұрын-соңды еш жерде жарық көрмеген, тың дүниелер мен мұрағаттан алынған құнды деректер, сонымен қоса, ғалымның ғылыми баяндамалары, дәрістері, сұхбаттары мен құжаттары енген. 7 томдық кітап ғалымның зерттеу көкжиегін, идеялардың эволюциясын және ғылыми мектебін тұтас қамтыған құнды қор деп бағаланып отыр.

Сондай-ақ, академиктің ғасырлық мерейтойына орай шығарылған «Евней Бөкетов – 100 жыл» монеталық коллекциялары таныстырылды. Мұнда академиктің портреттік бейнесі көрініс тапқан. Салмағы 15 грамм, диаметрі 33 мм, номиналы 200 тг болатын монеталар 5000 таралыммен айналымға шықты.

Конференцияда үш бағыт бойынша ғылыми баяндамалар оқылды: химия, металлургия және технология саласындағы зерттеулер; әдеби-публицистикалық мұра; Бөкетовтің гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардағы қоғам қайраткері ретіндегі рөлі.

Евней Арыстанұлы Бөкетов тарихта металлург-ғалым, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қарағанды мемлекеттік университетінің тұңғыш ректоры, жазушы және аудармашы ретінде қалды. Оның есімі университетке ғана емес, елдімекендердегі көшелерге де берілген. Ғалымның бай ғылыми және мәдени мұрасы бүгінгі ғылым мен қоғамға әлі де зор ықпал етіп келеді. Өйткені, ол – әлем мойындаған құбылыс.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жасыл із қалдырған жаз

2005 жылдан бері «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының жобасы мемлекет деңгейінде құрылып, күні бүгінге дейін жұмыс істеп келеді. Содан бері Қарағанды өңірінде мыңдаған жас аталмыш жоба аясында табиғатты қорғау мен елдімекендерді абаттандыру жұмыстарына белсенді атсалысып келеді. Биыл өңірде жасаққа қатысушылар үшін ашылған жұмыс орындарының саны өткен жылмен салыстырғанда 4 820-дан 5 000-ға артқан. Сәйкесінше, қала мен аудандарда қаржыландыру көлемі ұлғайып, жас сарбаздардың жалақысы да едәуір өсіпті. Күні кеше «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының ХХІ еңбек маусымы қорытындыланды. Маусымның жабылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей арнайы қатысты.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Әлібек Үсенұлы өз сөзінде табиғат жанашырларының қоғамдағы маңызды миссиясын ерекше атап өтті. Әрі маусым бойы қызмет атқарған өңірлік штабтарға облыс әкімінің Алғыс хатын табыстады.

– Өңірде «Жасыл ел» жобасының іске асырылып келе жатқанына 20 жылдан асты. Осы жылдың ішінде әр сарбаз қоршаған ортаға үлкен пайдасын тигізді. Сондықтан, бүгінгі іс-шараның басты қаһармандары – сарбаздар. Сіздерге алғысымды айтамын. Бір қарағанда ағаш отырғызып, қоқыс жинау, аула тазалау аса қиын жұмыс емес секілді. Алайда, әр сарбаздың күн сайынғы жазғы жұмысы өлкеміздің көркеюіне септігін тигізуде. Сіздер отырғызған әр ағаш ауаға 120 келі көмірқышқыл газын бөледі екен. Бұл дегеніміз үш адам оттегімен қамтамасыз етілді деген сөз. Биылғы еңбек маусымы аяқталғанымен, жыл сайын жалғаса бермек, – деді ол.

Өңірде биылғы жаз маусымында 15 пен 35 жас аралығындағы бес мыңға жуық жас жұмыспен қамтылған. Оларға орташа еңбекақысы 110 000 теңгемен қамтылған жұмыс ұсынылыпты. Ал, Қарағанды қаласының өзінде 2 000-нан астам жас еңбек еткен. Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев та іс-шараға арнайы қатысып, сарбаздардың еңбегін жоғары бағалады.

– «Жасыл ел» – елімізде жастар арасында кеңінен қанат жайған игі жобаның бірі. Қаланың өзінде 2 000-нан астам жас жұмыс істеді. Олар жазғы демалысын тиімді өткізді деп ойлаймын. Себебі, жаңа дос, жаңа орта тапты. Жасыл елдіктер өңірімізді көгалдандырып, тазалыққа үлес қосып қана қойған жоқ. Еліміздің өркендеуіне атсалысты деп білемін. Келер жылы да ауқымды жобамыз жалғасын табады. Биылғы маусымның табысты аяқталуымен шын жүректен құттықтаймын, – деді Дархан Сәулеханұлы.

Құттықтау сөзінен кейін Дар-



хан Сәулеханұлы жаз бойы Қарағанды қаласының «Жасыл ел» қатарында еңбек еткен командирлерді марапаттады.

Қарағанды қаласы бойынша әрбір саябаққа жеке-жеке «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының отрядтары бөлінген. Ал, әрбір отряд құрамында 50-ге дейін сарбаз еңбек етеді. Мәселен, Майқұдықтағы саябаққа жауапты отрядты биылғы жазда Рауан Қайкенова басқарып шықты. «Жасыл елдің» тәжірибелі командирі ретінде үш ай жазда жастарды жұмылдырып, сапалы нәтижеге қол жеткізді.

Маусым айында Рауанның отрядында 34 сарбаз жұмыспен қамтылған. Шілде айында олардың саны 58-ге жетсе, тамызда 52 сарбаз еңбекке тартылыпты. Нәтижесінде, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға қосқан үлесі үшін қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

– Осы жобада екі жыл қатарынан командир болдым. Әрине, бұл балалар үшін таптырмас жоба. Себебі, олар жаз бойы уақытын бос өлтірмей жұмыс істеп, ақша табады. Әрі осы жоба арқылы өскелең ұрпақты еңбекке баулып келеміз. Қоршаған ор-

таны таза ұстау, тазалыққа үлес қосу – мәдениеттіліктің белгісі. Ал, оның әр жағында үлкен тәрбие жатыр. Менің міндетім – балаларды жинап, оларға жұмыс үйлестіру. Біз жаз бойы өзімізге тиесілі аумақты таза ұстадық деп айта аламын. Келер жылы тағы да осы жобаға келу ойда бар, – деді Рауан Кабкенқызы.

Биылғы еңбек маусымында «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының жұмысы жаңа деңгейге көтерілген. Жобаға қатысу процесі толықтай цифрландырылыпты. Енді жастар үйден шықпай-ақ, ұялы телефон не-

месе компьютер арқылы онлайн тіркеліп, қажетті құжаттарын жүктеп, келісімшартқа дейінгі бүкіл рәсімді қашықтан жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, еңбек уақытының есебі де заманауи жүйеге бейімделіп отыр. Яғни, жұмыс уақытының есебі QR-код арқылы автоматтандырылған.

Бұқар жырау ауданы Жастар ресурстық орталығының директоры Ернат Әбуғайт жобаға қатысуға ниет білдіруші ауыл жастарының қатары жыл санап артып келе жатқанын баса айтты.

– Биыл ауданымызда жүзден аса сарбаз еңбек етті. Олар Ботақара кентінде, Ғабиден Мұстафин ауылында және Ақбел ауылдық округінде жұмыс істеді. Ағаш пен гүл егіп, жасыл желектерге күтім жасады. Елдімекендерді абаттандыруға атсалысты. Келер жылы жасақ санын көбейтуді жоспарлап отырмыз. Себебі, жобаға қатысқысы келетіндердің саны көп. Сондықтан, келер жылы да жұмысқа құлшыныспен кірісеміз, – деді ол.

«Жасыл ел» жобасы – болашаққа салынған үлкен көпір іспетті. Себебі, жастарды табиғатты аялауға, елге адал қызмет етуге, еңбек арқылы өз орнын табуға баулитын бірден-бір құрал. Сондықтан, біз бұл жобаны үлкен мектеп деп білеміз...

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

Бейбіт күннің берекесі – еңбекте

(Соңы. Басы 1-бетте)

Марапат еңбек өтілі 40 жылдан асатын, зейнеткерлік жасқа жеткен, сонымен қатар бір салада кемі он жыл еңбек еткен азаматтарға және өзінің кәсіби жолында жоғары нәтижелерге қол жеткізгендерге беріледі. Бұл – қоғамның еңбекке деген құрметінің белгісі.

Бүгінде байтақ өлкемізде еңбек құндылығын көтеруге бағытталған нақты шаралар белсенді кезең-кезеңімен аткарылып жатыр. Еңбек адамы – еліміздің басты капиталы. Олардың адал еңбегі мен табандылығы – ел экономикасының қозғаушы күші. Осы орайда еліміздің барлық өңірлерінде, соның ішінде Қарағанды облысында да еңбек құндылығын дәріптейтін, еңбек адамын қолдайтын жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстар өз кезегінде жұртшылық тарапынан қолдау тауып отыр.

Президентіміз Қасым-Жомарт Токаев биылғы Жолдауында да жұмыссыздықтың үлесін азайту және жұмыспен қамту шараларын күшейту мәселесін ерекше атап өтіп, алдағы басты міндет – әлеуметтік тұрақтылық, табысты сақтау, жұмыспен қамтуды жалғастыру екенін нақтылаған еді.

Ресми дерекке сүйенсек, елімізде жұмысшы мамандықтары бойынша жұмыс істейтіндердің жалпы саны – шамамен 2,5 млн адам.

Бұл ел экономикасын тіктейтін маңызды күш саналады. Статистика бойынша, олардың ең көбі 580 мың адам сауда саласында еңбек етеді. Ал, өнеркәсіпте 675 мың, ауыл шаруашылығында 550 мың және көлік саласында 419 мың азамат жұмыс істеп жүр.

Жұмысшы мамандықтарына қажетті жағдай жасау – Президент тапсырмасы бойынша мемлекет алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі екенін атап айту керек.

Бүгінде кеншілер өлкесінде жұмысшы жастарды қолдауға бағытталған нақты шаралар жүзеге асуда.

Атап айтсақ, дуалды білім беру енгізілді, кәсіпорындар колледждермен тікелей келісімшарт жасасуда және 21 мың жаңа жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Сонымен қатар, 300-ден астам жеңілдетіл-

ген ипотека беріліп, жас мамандардың өндіріске бейімделуіне жағдай жасалып, арнайы бағдарламалар қолға алынған.

Еңбек мәдениеті қалыптасқан өлке

Қарағанды облысы – ел индустриясының тірегі. Аймақ – жұмысшы мамандықтарының алтын бесігіне айналған. Бүгінгі күні кеншілер астанасында шамамен 130 мыңнан астам адам зауыт, фабрика және өндіріс ошақтарында еңбек етеді. Бұл – мыңдаған отбасының тұрмысын түзеген, өңірдің өндірістік қуатын қалыптастырған ауқымды күш. Оның ішінде, 23 мыңнан астамы – жастар екенін атап өткен жөн.

Кеншілер, металлургтер, электромонтерлер, дәнекерлеушілер, құрылысшылар, механиктер – ел экономикасының шынайы қаһармандары.

Ресми дерекке сүйенсек, Қарағанды облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы Комитетінің департаменті өңірдегі еңбек заңнамасының сақталуы мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

Нақтырақ айтсақ, 2025 жылдың 7 айында 1599 өтініш қаралған. Ондағы негізгі мәселелер еңбек шартының болмауы, жалақыны кешіктіру немесе төлемеге, қауіпсіз еңбек жағдайының жасалмауы, заңсыз жұмыстан шығару және тағы басқа.

Сонымен қатар, 371 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 262 заң бұзушылық анықталған. Оның ішінде, еңбек қатынастары бойынша – 222, еңбек қауіпсіздігі бағытында – 37, жұмыспен қамту саласында – 3 заңбұзушылық.

Одан бөлек, 154 ұйғарым беріліп, барлығы орындалған. 59 жұмыс беруші әкімшілік жауапкершілікке тартылып, мемлекетке төленген айыппұлдың жалпы сомасы – 11 021 920 теңгені құрайды.

– Профилактикалық бақылау мен қадағалау аясында 10 кәсіпорында тексеріс жүргізіліп, 80 заңбұзушылық анықталған. Оның ішінде еңбек қатынастары бойынша – 45, еңбекті қорғау бойынша – 32, жұмыспен қамту бойынша – 3. Өндірістік жарақаттану бойынша 2025 жылдың 7

айында – 76 оқиға тіркелді. Бұл былтырғымен салыстырғанда аз. Мәселен, 2024 жылы – 82 адам жарақат алған еді. Қайғылы жағдайлар 45,4%-ға азайды, – деп атап өткен еді жуырда өңірлік коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихатында Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік еңбек инспекциясы департаментінің басшысы Медеу Ахметов.

Жарақаттанудың басты себептері – жұмысты ұйымдастырудың әлсіздігі, қауіпсіз еңбек тәсілдерін үйретудің жеткіліксіздігі, қызметкерлердің абайсыздығы.

Сонымен бірге, өндірістік қауіпсіздікті арттыру үшін 1140 өндірістік кеңес құрылып, 1612 техникалық инспектор жұмыс істеуде. 185 ірі және орта кәсіпорын халықаралық еңбек қауіпсіздігі стандарттарын енгізген.

Қазіргі таңда инфрақұрылым жаңартылып, цифрлық бақылау жүйелері енгізілуде.

– Басты мақсатымыз – еңбек адамының құқықтарын қорғау, жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қарағанды – нағыз еңбек адамдарының мекені. Сондықтан, біз заңбұзушылықтарға жол бермей, әр азаматтың лайықты еңбек етуіне барлық жағдайды жасауға тырысып отырымыз. Департамент жұмысы тексерумен шектелмейді, түсіндіру, оқыту, алдын алу жұмыстарын да жүйелі түрде жүргізіп келеді. Өндірістік жарақаттың азаюы – сол елеулі еңбектің нәтижесі, – деп толықтырды департамент басшысы.

Түйін

Еңбек күні – қарапайым жұмысшының қажырлы еңбегіне көрсетілетін құрметтің өлшемі. Қазақстан қоғамының дамуында өндірісте, ауылда, зауытта, кен орнында, теміржолда, құрылыс алаңдарында еңбек етіп жүрген азаматтардың орны ерекше. Олар – қоғамның шынайы берік тірегі.

Еңбек адамы – ел дамуының негізгі қозғаушы күші. Сондықтан, еңбекке құрмет көрсету, еңбек құқығын сақтау, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету – мемлекет пен қоғамның ортақ борышы.

Еңбек – елдігіміздің негізі, тәуелсіздігіміздің тірегі. Еңбек адамына құрмет – елге деген құрмет екенін ұмытпайық!

Сурет «Qazmet» баспасөз қызметінен

• КЕЛБЕТ



Ерият КЕМАЛОВ, «Қазақмыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты Хаджиконған карьері геология бөлімінің тау-кен жұмысшысы, ақын-кенші:

«Өндірістегі үдеріс сағат тілі сияқты үздіксіз тоқтамауы керек. Еңбек ағыны тынымсыз жалғаса береді. Сондықтан жеті кат жер астындағы жұмысқа жоғары жауапкершілікпен қараймыз. Әсіресе техника қауіпсіздігін сақтау өте маңызды. Өмірімнің мәнін де, барын да өндірістен таптым. Өлеңімді де өлтірмедім. Елense, еңбек адамы еленсін. Қай жерде де олардың тынымсыз тірлігі лайықты бағасын алып, жүрген-тұрғаны елге үлгі болса, кейінгі жастарымыз да еңбекке деген көзқарасын түзете түседі».

• ЕҢБЕК ЕТСЕҢ – ЕМЕРСІҢ!

Озаттарға – орасан құрмет



Еңбек күніне арналып Нұра ауданы әкімдігінің ғимаратында «Еңбек жолым – елге қызмет ету жолы» деген тақырыппен дөңгелек үстел өтті. Шараға өңірдің әр саласында еңбек етіп жүрген азаматтар, ардагерлер мен жастар қатысты. Жиынды аудан әкімі Бақытжан Мұқанов ашып, еңбек адамдарына алғысын білдіріп, олардың ел дамуына қосқан зор үлесін атап өтті. Кездесуде еңбек ардагерлері өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, өнегелі әңгімелер айтты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мереке аясында бірқатар азаматтар мемлекеттік және жергілікті атқарушы биліктің марапаттарына ие болды. Атап айтқанда, ҚР Президентінің Жарлығымен «Шұбаркөл Преміум» АҚ-ның экскаватор машинисті Нұрғали Шерниязұлы Сәттімбековке «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталса, «Сарыөзен Көмір» ЖШС директоры Алексей Евгеньевич Харьков Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Бір топ еңбек ардагері мен түрлі салада үздік табысқа қол жеткізген мамандарға Нұра ауданы әкімінің Алғыс хаттары берілді. Олардың қатарында Бахтияр Ташмағамбетов, Николай Кухарский, Дос Төлегенов,

Михаил Иллэнзеер, Әсия Ахметжанова, Татьяна Дымнич, Ирина Ивочкина, Дильфуза Исмаилова, Светлана Пономаренко, Ермек Шалғымбеков, Светлана Гольштейн, Саят Ақмағамбетов, Валерий Басаргин, Серік Алтынбеков, Андрей Собченко, Марина Плешакова, Татьяна Жогова, Виктор Бычек, Андрей Сафронов бар.

Жиын соңында аудан басшысы барша еңбек адамдарына зор денсаулық, отбасыларына амандық, еңбектеріне табыс тіледі.

СҮРЕТТЕ: Нұра ауданы әкімдігінің ғимаратында «Еңбек жолым – елге қызмет ету жолы» деген тақырыппен өткен дөңгелек үстелден көріністер.

Қазандықтағы қажырлы еңбек



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еңбек адамының қоғамдағы орнын ерекше атап өтіп, оны ел дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде бағалады. Осындай өз ісіне адал, кәсіби біліктілігімен танылған мамандардың бірі – Приозерск қаласындағы №1 қазандықтың бастығы Өмір Жұматаев. Ол – жылдар бойы тұрғындарды жылумен үздіксіз қамтамасыз етіп келе жатқан маңызды нысанның жұмысын жүйелі ұйымдастырып, ұжымды ортақ мақсат жолында біріктіре білген іскер басшы.

Нұрдоc КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кейіпкеріміз Өмір Жұзбайұлы 1960 жылы көне де қасиетті топырақ – Өзбекстан Республикасының Бухара облысы, Газли қаласында дүниеге келген. Бұл – тағдырдың бұйрығымен талай қазақтың кіндік қаны тамған, жастығының куәсі болған мекен. 1968 жылы ол тұңғыш рет білім ордасының табалдырығын аттап, қолына қалам ұстап, үлкен өмір жолына алғашқы қадам жасады. Бұл – СССР-дың 50 жылдығы атындағы мектеп болатын. Сол мектептің қарапайым партасында отырған зерек бала күндердің бір күнінде елге адал қызмет ететін абзал азаматқа айналарын ол кезде ойламаса керек. Жас жігіттің ғылым мен техниканы игеру-

ге деген ынтасы оны Бухара газ өнеркәсібі техникумына жетеледі. Онда «Қозғалтқыш құрылысы» мамандығы бойынша терең білім алып, «техник-механик» біліктілігін иеленді. Осылайша, өмірінің басты бағдары еңбек пен адалдық екенін жастайынан айқындаған Өмір Жұзбайұлы ерте жастан қолына құрал алып, өндіріс пен шаруашылықтың ыстығы мен суығына төзе жүріп, үлкен жолдың жүгін арқалады. 1978 жылдан бастап, ел игілігі үшін тынымсыз еңбек етіп келеді. Әсіресе, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы елеулі еңбегі оның есімін абырой тұғырына шығара түсті. 1995 жылы Приозерск қаласына қоныс аударған. 1995 жылдың қыркүйегінен 2002 жылдың маусым айына дейін қазандықта 3-сыныпты жүргізуші болып қыз-



мет атқарып, алғашқы еңбек баспалдағына табан тіреген ол, өз ісіне деген ыждағаттылығы мен

кәсіби шеберлігінің арқасында әріптестері мен басшылықтың сеніміне ие болды. 2004 жылдың

тамызынан 2006 жылдың ақпанына дейін – ағын суларды айдау маманы ретінде жұмыс істеп, инженерлік саланың күрделі де жауапты тұстарын меңгерді. Ал, 2007 жылдың тамызынан 2009 жылдың қыркүйегіне дейін автокөлік қызметінің бастығы ретінде де ауқымды жұмыстар атқарып, басқарушылық қабілетін дәлелдеді. 2009 жылдың қыркүйегінен бастап ол Приозерск қаласындағы №1 қазандықтың бастығы қызметіне тағайындалып, осы лауазымда бүгінгі күнге дейін табан аудармай қызмет етіп келеді. Жауапкершілігі мол бұл салада ол өзінің тиянақты ісімен, іскерлігімен, адами болмысымен ел сеніміне ие болып отыр.

– Осы жылдар ішінде №1 қазандықта көп нәрсе өзгерді ғой... Мен бұл жерде жұмыс істеп келе жатқанымға біраз болды, соның бәрін көзбен көріп, жүрекпен сезіндім. Бірінші кезекте, қазандықтағы негізгі құрал-жабдықтар толық жаңартылды. Бұрын қолмен атқаратын талай істі қазір заманауи автоматтандырылған басқару жүйелері өзі-ақ тындырып жатыр. Бұл – тек жұмысымызды жеңілдетіп қана қоймай, қауіпсіздігіміз

үшін де үлкен қадам болды. Жалпы, еңбек қауіпсіздігіне соңғы жылдары ерекше назар аударыла бастады. Өрт қауіпсіздігі болсын, жабдықтарды уақытылы тексеру болсын – бәрі қатаң бақылауда. Мұның бәрі біздің амандығымыз үшін жасалып жатыр. Тағы бір қуантатыны – жаңа технологиялардың енгізілуі. Өндірістік процестер толықтай автоматтандырылды десем де болады. Бұл жаңашылдыққа алғашында үйренісу оңай болмады, әрине, бірақ үйрендік, меңгердік, – дейді Өмір Жұзбайұлы.

Кейіпкеріміздің қарапайым жұмысшыдан басшылық лауазымға дейінгі еңбек жолы – жас мамандарға үлгі. Өмір ағаның 48 жылға созылған еңбек жолы – төзім мен табандылықтың, ұқыптылық пен кәсібиліктің айқын көрінісі. Ел Президенті атап өткендей, ел дамуының негізі – адал еңбек. Осы тұрғыдан алғанда, Өмір Жұматаев – еңбек жолын даңқпен өрнектеген, маңдай тердің, адал ниеттің, табанды қызметтің нақты үлгісі деуге толық негіз бар.

ПРИОЗЕРСК

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Құрыш қаланың күдіреті

Шойыннан шок бүркіп, болаттан от кілкіп, аспан астындағы алып құрыш қала биыл мерейтойын атап өтіп, мейманасы тасымақ. Отан өнеркәсібінің жүрегіндей болған Теміртау тағы бір тарихи белестің табалдырығында тұр! Ерен-ғайып еңбектің, темірдей төзімнің, өрісті өркендеудің, таңғажайып тарихтың, ұрпақтар сабақтастығының саттанатындай асқақ күн есік қақкалы тұр. Қазақстан металлургиясының талбесігі, егемен елдің индустриялық серпінінің символы – Теміртау мәртебелі мерейтойына дайын.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

...Теміртау өзінің өткен өнегелі өмірін мақтан тұтып, болашағына батыл қадам басып келеді. Аңыз шаһар мерекесі Тәуелсіз республикамыздың еңбек дастанын, мәдени байлығын, асқаралы азаматтық өрісін паш етпек.

1945 жыл еді. Сұрапыл соғыстан енді ғана ес жиған халық үшін бейбіт өмір басталып жатқан-ды. Самарқандтың елеу-сіздеу шағын ауылының орнында үлкен арманның алғашқы қазығы қағылды. Теміртаудың іргетасы қаланды. Кеңес Одағының түпкір-түпкірінен келген мыңдаған маман тым шалғайдағы Орал мен Сібірден, Украина мен Кавказдан, Алтай мен Мәскеуден жеткен жастар-тұғын. Дәп осы жерде ортақ үй, ортақ тағдыр, ортақ мақсат жолында бас қосты бұлар. Олар үй мен мектеп, клуб пен жол салып қана қойған жоқ. Олар болашаққа сенім дөңін екті. Сол бір күндері көтерілген алғашқы домна мен мартен пештерінің алауы құрыштай берік адамдардың жүрегіндегі жігерді де шыңдады. Сөйтіп, алғашқы қазақ шойыны балқытылған сәттен бастап, Теміртау кенті бара-бара нақышты нышанға айналды. Құлды маңдай терімен жазылған еңбек дастаны іспеті...

Бүгінгі Теміртау дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Жолдарды ауқымды жөндеу, көшелерді абаттандыру және жаңа демалыс аймақтарын құру мерекелік атмосфераның бір бөлігіне айналғандай. Әббетте, құрыш қала мерейтойына әртараптан тыңғылықты даярланған. Мәселен, мұндағы жолдар мен инженерлік желілерді ауқымды жөндеу әрі баршаға мәшһүр Ме-



таллургтер даңғылын абаттандыру жүргізілді. Даңғайыр даңғыл жарты ғасырдан астам уақыт бойы гүлзар бөлігін салғаннан бері күрделі жөнделмегенін жергілікті билік тарабы ескерген. Кезең-кезеңімен жол жөнделіп, төсеніштер ауыстырылып, сәкілер, жаңа жарықтандыру тіректері, шағын архитектуралық формалар орнатылу үстінде. Тұрғындар да назардан тыс қалмады: «Халыққа қатысу бюджеті» бағдарламасы бойынша 13 бастама іске асырылды. Мұнда веложолдар, балалар және спорт алаңдары пайда болмақ. Жүргінші бөлігінде аяқжолды негізді қайта сиклирлеу, содан кейін асфальттың екі қабатын төсеу қолданылады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі басшысының орынбасары Арғынғазы Қуанышев жол жұмыстары тағы бірнеше учаскеде қатар жүріп жатқанын айтты. Абай көшесінде (Теміртау көшесінен Сарыарқа көшесіне дейін), Бейбітшілік даңғылында (Қаршоссе басынан Бауыржан Момышұлы көшесіне дейін) және Құрылысшылар даңғылында (Ушинский көшесінен Мичурин көшесіне дейін). Жүйелі жұмыс Шоқан Уәлиханов көшесінен Металлургтер даңғылына дейінгі учаскеде жалғасты. Ауданы – 93 мың шаршы метр. Өткен жылы бірінші кезең аяқталған еді. Бір қабат асфальт төселді. Ендігіде екінші қабатты төсеу көзделді. Алдымен барлық учаскелерде асфальт төсеуді бастамас бұрын жылу желілері жаңартылмақ. Сондай-ақ, биыл 150 жаңа орамшілік жарықтандыру тірек-

терін орнату жоспарлануда. Өткен жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы шеңберінде Теміртауда бір кешенді жоба іске асырылған-тын. Тұрғындар №12а мекенжайындағы үйдің маңындағы алаңды абаттандыруды ұсыныс еткен. Мұнда автотұрақ кеңейтіліп, жарықтандыру, асфальт жабыны жаңартылды, воркаут-аймақ пен ойын алаңы қоса жабдықталды. Маруа Қармысбаева осы алаңның жанында тұрады. Күн сайын мұнда немерелерімен серуендеуге шығады ол. – Мұндай ойын алаңын жасағаны көңілге қуаныш ұялатады. Қалада мұндай орындар саны көп болса игі, – дейді Теміртау тұрғыны. Жалпы алғанда осы бағытта бұқара халық бастамасымен бірден 13 жоба іске асырылмақ. *** Сеңгірлі 80 жылдық мерейтой 28 қыркүйектен бастау алмақшы. «Бірлік» алаңы балалық шактын ертегідегі еліне айналды. Сайқымазақ бейнелер, адам бойындай «тірі» қуыршақтар мен аниматорлар жасөрім балалардың көңілін көтереді. Ал, сәнді сахнада жеткіншектердің вокалдық және би ұжымдары өнер көрсетеді. Спорттық жарыстар гүлдестелі қала алаңын ажарқын күлкі мен қошеметті көңіл күйге бастаса, қанық түстерге толы ойын аренасы көрер көздің жауын алады. Біршама уақыттан кейін мереке эстафетасын жастар жағы қолға алады. Атаулы алаңда «Жастар бірге» бағдарламасы бастала отырып, онда «Болашақ кәсібі» атты тех-

никалық колледждерінің көрме-беташары өтеді. Би батлдары мен диджейлік сеттер алма-кезектеседі. Жауқазындай жас кәсіпкерлер өз жобалары мен өнімдерін ұсынады. Осы уақытта Металлургтер монументінің жанындағы «Астана» алаңында әскери, өрт сөндіру, полиция техникасы мен жедел жәрдем көліктерін, сондай-ақ, арнайы техниканың жұмысы мен тынысын көрсететін «Қауіпсіз елдің тірегі» дейтін арнаулы қызмет техникасының көрмесін тамашалауға болады. Сәске түс қайта тарихи-өлкетану мұражайының экспозициясы ашылып, сәндік-қолданбалы өнер шеберлері таптырмас туындыларын паш етеді. «Теміртау: кеше және бүгін» деп аталатын фотожобасы қаланың ондаған жылдар бұрын қандай болғанын, оның бүгінгі күні қалай өзгергенін теңгеріп-салыстыруға мүлтіксіз мүмкіндік ұсынбақ. Әлқисса, мәртебелі мерейтойдың шарықтау шегі «Бірлік» алаңындағы кешкі бай бағдарлама болмақ. Мұнда «Туған жерге

тағзым» атты ауқымды концерт бастау алады. Бір сахнада қаланың шығармашылық ұжымдары, кәсіби әртістер, сондай-ақ, қазақстандық эстрада жұлдыздары өнер көрсетеді. Алматыдан арнайы келетін Vivat шоу-балеті тұрғындарға жарқын би қойылымын тарту етеді. «Туған жерге тағзым» атты орасан зор гала-концертті барысында сахнаға Теміртаудың дарынды тумалары – Жәмила Баспақова, Роман Ким, Андрей Сергеев, Тимур Омаров, Қайрат Баекенов және республиканың өзге де танымал жұлдыздары шығады. Мереке соңы металлургтер шаһарының түнгі аспанын сәт-сәтімен жап-жарық етер алуан түсті отшашумен тәмамдалмақ. Қала күніне орай айтулы суретші Қуат Асқаровтың көрмесі де даярланды. Теміртау тарихи-өлкетану мұражайындағы экспозицияға қойылған 145 таңғажайып туындыда қала көшелері мен ауалары жылдың әр мезгілінде бейнеленген. – Бұл жобаға шамамен екі жыл уақыт кетті. Өткен жылы

қала күні қарсаңында Қуат Асқаров мұражайға келіп, мереке қарсаңында бейнеролик жасау үшін 40-қа жуық картинасын ұсынды. Біз болсақ, биылғы жылдың мерейтойлық жыл болатынын жете ескеріп, жеке көрме өткізуді ұсындық. Осылайша Қуат мырза да жыл бойы еңбектеніп, туған қаламыздың көріністерін бейнелейтін картиналарды сызып, көрнекті көрмеге тастүйін дайындалды, – деді Теміртау тарихи-өлкетану мұражайының аға ғылыми қызметкері Светлана Трещёва. Суретшінің өзі Теміртаудың тумасы. 2008 жылы ол Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі атанды. 2014 жылы Қарағанды облысы әкімінің «Жылдың үздік суретшісі» номинациясы бойынша сыйлығына ие болса, 2015 жылы Ә.Кастеев атындағы «Үздік шығарма үшін» алтын медальмен марапатталды. Суретші еңбектері Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайында бірнеше рет қойылған. Көрме 8 қазанға дейін жалғасады. Келушілерге билет – тегін. ***

Иә, Теміртау – текті тарихтың темір тағаны, болашақтың болат білегі. Уақыттың өзегінен сомдалып, шындалған Теміртау – құрыш ғасырдың көркем кітабы. Қайсар ұлттың он бойынан өрілген өрелі өмірбаян. Алты Алаштың арманынан жаралған алып арена. Адамның адал маңдай терінен туған ғажайып шаһар! Металлургтер мінберінен естілер болашақтың үні бүгіннен бастау алады. Жаңарған көше, жарқыраған алаң, сәбидің шат күлкісі, ананың алғысы, жастың арман жолы осы қаладан бастау алады. 80 жылдық салтанатта әр теміртаулық металлург өз өзіне мықтап серт беретіндей. Көкжал рухтың мәңгілік эпосын жаза түсуге. Ей, кемел келешек! Күндердің күнінде мына мерейтой жылнамасын ақтарып отырсаң, Теміртаудың 80 жылдық рухы сенің жүрегінді жылытсын, жаныңды жаньсын, қайрасың! Сондықтан... Шойын шыңдап, үмітін үкілеген осы қалаға тағзым ет! Теміртау өргек халықтың темір жбесі! Біз осындай тамырлы тарихты жаза білдік. Сен жалғастыр!..

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КӨШПЕЛІ АКТИВ

Көшбасшы жастардың көшелі керуені

Аймақта студенттік өзі-өзі басқару органдарының жұмысын дамытуға арналған жоба биыл төртінші жыл қатарынан жалғасып келеді. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асатын бастама аймақ жастарының көшбасшылық қабілетін шыңдап, қоғамдық белсенділігін арттыруды көздейді. Осы жоба аясында Қарқаралы ауданында аймақтағы жоғары оқу орындарының үздік студенттерінің көшпелі активі өтті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы күні студенттер Қарқаралы аудандық жастар ресурстық орталығында жергілікті жастармен кездесті. Бір басқосу еркін пікір алмасуға, бір-бірінің жобаларын танып-білуге жол ашты. Сонымен қатар, қатысушылар Мемлекет қорғауындағы Қарқаралы ұлттық табиғи паркінде болып, тұмса табиғат аясында тыныстап, жан-жануарлардың тіршілігімен танысты. – Бұл жиынға сегіз жоғары оқу орнынан сайдың тасындай іріктелген 30 студент қатысты. Байқау талаптарына сәйкес, олар



өз оқу ордасында сыннан өтіп, эссе жазу арқылы іріктелді. Қатысушылардың барлығы да – мәдени, әлеуметтік іс-шараларға белсене араласып жүрген жастар, – дейді ұйымдастырушы, «Қарағанды облысының жұмысшы жастар одағы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Нұркелді Омарханов. Активтің екінші күні жастар үшін мазмұнды бағдарламаға толы болды. Олар арнайы шақырылған мамандармен тренинг өт-

кізіп, тың ойлар мен ұсыныстарын ортаға салды. Одан кейін Қарқаралы қаласының екі ғасырлық тарихынан сыр шертетін мәдени нысандарды аралады. Сонымен қоса, Дүниежүзілік тазалық күніне орай сенбілікке шығып, ұлттық парк аумағындағы «Үлкен үнгірді» тазалады. Үшінші күні тимбилдинг өтті. Бұл жастардың бір-бірімен етене танысып, тәжірибе алмасуына мол мүмкіндік берді. Сондай-ақ, Қарқаралы қаласының әкімі Аслан

Рахымбергенов қатысушылармен кездесіп, өз көрген-түйгенімен бөлісті. Жастар көкейлеріндегі сауалдарын қойып, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрды. Үш күнге созылған көшпелі актив жалынды жастарға мол әсер қалдырды. Бұл игі бастама арқылы олар белсенділігін арттырып, жаңа бастамаларға жол ашары анық.

Сурет
ұйымдастырушылардан

• ОЛИМПИАДА

Табиғат жанашырлары бақ сынады

Өңірде өткен «Экосана» экологиялық олимпиадасының жеңімпаздары марапатталды. Жүлдегерлер қатарында Қарағанды индустриалды университетінің (ҚарИУ) 39 студенті бар. Осылайша университет марапат саны бойынша да, жалпы қатысу белсенділігі бойынша да көш басында тұр.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Байқау онлайн форматта ұйымдастырылып, аймақтағы бес жоғары оқу орнының студенттері біріктірілді. Қатысушылар экологиялық мәселелер мен тұрақты даму тақырыптарына байланысты күрделі сұрақтарға жауап берді. – ҚарИУ студенттері байқауға қатысу туралы бастаманы өздері көтерді. Бұл жастардың экология мәселелеріне шын мәнінде алаңдайтынын және оң өзгерістердің бір бөлігі болуға ұмтылатынын көрсетеді. Олимпиада тапсырмалары қызықты әрі танымдық болды. Ой-өрісті кеңейтуге мүмкіндік берді, – деді ҚарИУ-дың ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорының міндетін атқарушы Сәуле Айнабекова. Олимпиаданы Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасы

аясында өткізді. «Экосана» жобасы – жастардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Экокурс» бағдарламасының құрамдас бөлігі. – «Экокурс» жобасы – экологиялық тұрғыдан жауапты қоғам құруға жасалған маңызды қадам. Ол студенттерді нақты бастамаларға тарта отырып, тек білім беріп қана қоймай, тұрақты даму мен табиғат пайдалануда жауапкершілік танытуға негізделген құндылықтарды қалыптастырады, – деді басқарма өкілі Гүлдана Телеева. Олимпиада қорытындысы жастардың экологияға деген көзқарасының өзгеріп келе жатқанын көрсетті. Қатысушылар алған білімдерін университеті қабырғасымен шектемей, өз қаласы мен ауылындағы нақты жобаларға енгізуге, табиғатты қорғау акцияларын ұйымдастыруға ниет білдірді. Мұндай бастамалар өңірде экологиялық мәдениетті нығайтып қана қоймай, студенттердің жауапкершілігін арттырып, жас ұрпақтың бойына табиғатқа деген құрметті қалыптастырады.

• ЖОЛЖАЗБА

Қасиетті Қарқаралыдан – қарт Семейге

Бағзыдан ауылы аралас, қойы қоралас болған қастерлі Қарқаралы мен қарт Семейдің рухани байланысы үзілмей келеді. Абай заманындағы қос бірдей көне қала мен дархан даланың алтын көпірі әлі де тұғырында. Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен қолға алынған «Елтану» экспедициясының бұл жолғы сапарының да жөні бөлек, жосығы ерек. Хакім Абайдың 180 жылдығы мен Нығмет Нұрмақовтың 130 жылдық мерейтойына орайластырылған сапардың салмағы орасан. Қасиетті Қарқаралыдан басталған көш бұл жолы қарт Семейді бетке алды. Құданды қос ел де – Алаш арыстарының алтын бесігі. Демек, бұл жолғы жолжазбамызда Алаш қайраткерлерінің ізі қалған қастерлі орындар, «Абай жолымен» алып туған топырақтағы тарих пен тағылым қайта жаңғырады, қадірменді оқырман!

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алаш арыстарының ақ батасымен...

Қастерлі Қарқаралының қақпасынан-ақ бізге қатталған көне тарихтың парақтары ашылғандай болды. Қала кіреберісіндегі құба белден асып түскенде еңселі ескерткіш бой түзеп тұр. Қоладан құйылған мүсінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімжан Ермек – үш алып ойға шымып, елдің ертенін кенесіп отырған кйіпте. Мүсінші Талғат Байоразов бедерлеген бұл ескерткіш 2019 жылы ашылды. Алаштың асқақ рухын айшықтап тұрған тұғырлы ескерткішке тағзым ету арқылы елдіктің рухын сезіндік. Абай еліне барар сапарымызда Алаш арыстарынан бата алғандай шат-шадыман күйдеміз.

Ер Мәдидің ескерткішінде

Қарқаралыдағы тарихи-мәдени орындармен бізді аудандық тарихи-өлкетану мұражайының ғылыми қызметкері Сәтбек Сламбеков таныстырды. Келесі аялдама Қарқаралының қақ ортасында қасқайып тұрған Мәди Бәпиұлының ескерткіші.

«Атыңнан айналайын, Қарқаралы, Сенен бүлт, менен қайғы тарқамады», – деп жырлаған маркасқа Мәди талайлы тағдырында күрескерліктің де, серіліктің де биігіне көтерілді. Кенестік зұлмат заман оны еркін ойы үшін қудалап, ақыры мерт қылса да, артында қалған асқақ әндері арқылы халық жадында мәңгі сақталды.

Көне ғасыр көмбесіндеі

Қарқаралыдағы ең көне сәулет нысандарының бірі – Құнанбай қажы мешіті. 1850 жылы құрылысы басталып, араға бір жыл салып аяқталады. Алғашқы имамы – Қасым Сейфоллаұлы. XIX ғасырдың орта шенінде тұрғызылған мешіттің құрылымы да өзгеше. Жоғарғы қабаты ғибадатқа арналса, төменгі қабатында шәкірт оқытатын бөлмелер мен имамдарға арналған орындар болған.

Кенестік кесел саясаттың құрығы да бұл жерге мойын бұрмай қоймады. 1930 жылдары мешіт жабылып, орнына кенсе, дүкен, тіпті, балабақша ашылды. Күтімсіздіктің салдарынан мешіт мүлде құлаудың аз-ақ алдында қалған еді. Тек өткен ғасырдың соңында Асқан Машанидің бастамасымен қайта жөнделіп, тоқсаныншы жылдардың толқымалы тұсында халық игілігіне қайта ашылды. Қазір мешіт ішінде сол дәуірден сақталған жәдігер ретінде бөрнелер мен моткелерді ғана көре аламыз. Ал, қалған бөлігі қайта қалпына келтірілген.

Осы құлшылық орнының іргесінде мешіт атауына қатысты еңселі ескерткіш бар. Сары мыстан құйылған Құнанбай қажы мен бала Абайдың тас тұғырын суретші Сәкен Дәулетбаев пен ілгеріде айтқан мүсінші Талғат Байоразов жасап шыққан. Сәтбек ағаның айтуына қарағанда, халық арасын-



да Құнанбайдың қажылық сапары аңызға айналды. Ол Меккеде қазақ қажыларына арнайы «Такия» қонақүйін салдырамын деп «Маған бір өгіздің терісіндей жер беріңдер» деп арабтардан жер сұрапты. Арабтар келісе кетіпті. Құнанбайдың айла қолданатынын қайдан білсін?! Сөйтіп, Құнанбай өгіздің терісін тілмей жонып, ұзын қайыс жасап, алып аумақты арқан керіп, қоршап тастайды. «Уәде – Хақтың сөзі» деген қасаң қағиданы ұстанған арабтар не қыларын білмей, Құнанбайдың айтқанына еріксіз көңілгелі. Өкінішке қарай, бүгінде бұл қонақүйді арабтар бұзып, орнына зәулім ғимарат салып тастаған көрінеді. Бұл оқиғадан Құнанбайдың тек алып Абайдың әкесі, болыс қана емес, сонымен қатар, көреген саясаткер екенін аңғаруға болатындай.

Көпес салған көк үй

Келесі бағыт – тарихқа тұнған Абай тоқтаған үй. Бұл – бай әрі беделді көпес Халиолла Бекметовтің шаңырағы. Сол дәуірде Қарқаралыға келген игі жақсылардың бәрі де осы үйге аялдапты. Кендігі сонша – он бөлмелі үйге қанша қонақ келсе де емін-еркін сыйып кететін болған.

Абай бұл үйге алғаш рет алты жасында, 1851 жылы келген. Ол жөнінде тіпті заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының алғашқы кітабындағы «Жолда» тарауында суреттелетінін көзқаракты оқырман білсе керек. Небір тарихи оқиғаларға куәгер болған ғимараттың бір бөлігі кеңестік кезеңде қиратылыпты.

Көк үйдің ерекшеліктерінің бірі – сол замандағы бай көпестердің үйлеріне тән Голланд үлгісіндегі қазандық пештердің орнатылуы. Сол кезеңнің сәулет өнерінің ерекшелігіне сай бұл үйдің де төменгі қабатында шаруаға қатысты бөлмелер орналасса, жоғарғы қабатта иелері мен қадірлі қонақтарға арналған бөлмелер болған.

Әйгілі «Қарқаралы петициясы» осы үйде жазылды деген де дерек бар. Сондай-ақ, Алаш арысы, қазақтан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының магистрі Жақып Ақбайұлы осы шаңыраққа күйеу бала болған. Қазір қастерлі үйдің алдында Абайдың бейнесі қалашалған тас тұр. Оны 2019 жылы аудандық архив басшысы Манарбек Кәрім ұлы екеуі қашап, орнатыпты.

Мұражай мұраты

Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайына аялдаған сәтімізде де Сәтбек ағамыз бізді өлкеден сыр шертетін талай дерекке қанықтырды. «Ақ кенсе» деп аталған бұл ғимарат 1870 жылы уездік патшалық кеңсе ретінде салынған екен. Кейіннен 1918 жылы алғашқы Совдептің орны болып, көрнекті қайраткерлер – Н.Нұрмақов, М.Тәтімов, А.Асылбеков, У.Жәнібековтер осы жерде қызмет атқарғанын білдік. Тіпті, 1934 жылы С.Киров келіп, партиялық активпен жиналыс өткізген. 1977 жылы қоғамдық негізде қайта жаңғыртылған бұл мұражай бүгінде жеті залдан тұрады.

Балқантау баурайында

Түс ауа біз мінген ақ «Sprinter» бағытын Балқантауға бұрды. Шайын даланың

әр қыраты, әр төскейіне көз тастап келеміз. Осылайша ой үстіндегі біздер қазақ сахарасының алғашқы мәдениет ошағының бірі болған Қоянды жәрмеңкесінің орнына да келіп жеттік. Бүгінде жәрмеңкенің бұрынғы келбеті бұлдырап артта қалғанымен, тарихтың ізі әлі де сайрап жатыр. Қазіргі таңда тек көне қойманың орны ғана қалған екен. Көңілге осыны да демей қылып, тарихшы ағаларымыздың айтқаны арқылы сол бір дүбірлі дәуірге енгендей әсер алдық.

Қоянды жәрмеңкесінің орнынан соң, Балқантаудың баурайына бет түзедік. Егіндібұлаққа қарай созылған сүрлеу жол бізді қыратты қиялардан асырып әкетті. Қазақтың әйгілі сазгері Илия Жақанов бір емес, бес ән арнаған Балқантаудың баурайына таяған сайын табиғаттың да түрленген келбеті көңіл сарайын аша түсті.

Дәл осы өңірде, Балқантаудың бөктерінде, «Қызылшілік» қыстауында Қарқаралы ауданындағы алғашқы білім ордаларының бірі – Ақайдың Хасені салған жетіжылдық мектеп бой көтерген екен. Бүгінде оның тек іргетасы ғана қалғанымен, талай тұлғаның табанының табы қалған қастерлі орынның тағылымын сезбеу мүмкін емес.

Ең қызығы, біз сапарымызға арқау еткен Нығмет Нұрмақов алғаш осы мектепте білім нәрімен сусындайды. Одан кейін Омбыдағы мұғалімдер семинариясында Мағжан, Сәкендермен бірге ұлт жолындағы күрескерлігін бастағаны әмбеге аян.

Абайға апарар жол

Экспедицияның екінші күні. Таңмен таласа, күннің алғашқы шапағы қылаң берген сәтте керуеніміз Қарқаралыдан Семейге қарай бет түзеді. Сапардың екінші күнгі бағытын «Қарқаралы-Аягөз» тасжолы арқылы жүріп өтпекшіміз. Араға үш-төрт сағат салып, Қайнар ауылы арқылы өтіп, Қарауылтөбеге ат басын тіредік. Бұл өлкеде тамылжыған тамызда Абайдың 180 жылдық мерейтойы дүркіреп өтті. Иә, Абайдың тойы – Алаштың тойы.

Таңғы 5:00-де жолға шыққан керуеніміз түске таман Жидебай топырағына аяқ басты. Шыңғыстаудың сілемдері алыстан айбар шегіп, күннің нұры даланы қызыл-сары бояуға малындырған шақ.

Жидебай – қазақ руханиятының алтын ордасы. Біз ең алдымен тағылымды сапарымызды бас ақынға тәу етуден бастадық. «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені. Бұл жерге келген әр жанның жүрегің ерекше бір толқыныс билейді. Кешен 1995 жылы, ұлы ойшылдың 150 жылдық мерейтойына орай салынған. Мұнда қазақтың қос алып тұлғасы хакім Абай мен ойшыл ақын Шәкәрім мәңгілік мекен тапқан.

Экспедиция мүшелері бұл жерде тағзым етіп, дұға бағыштады. Ақын Асқар Сүлейменовтің: «Біз ақындар Жидебайға барғанда тазару үшін барамыз. Жидебай – ақындардың Меккесі» деп айтқандай, шынында да, бұл қасиетті топыраққа келгенде жан дүниенің тазарып, рухың асқақтай түсетіндей.

Абай мен Шәкәрім кесенесіне тағзым еткеннен соң, біз Абайдың ата қонысы – Ақшоқы мен Жидебай қыстауына бет бұрдық. Құнанбайдың үш ұлы – Тәңірберді (Тәкежан), Ысқақ және Абайды бір күнде үйлендіріп, оларға еншісін бөліп берген жері де осы. Әр ұлына 50 жылқы, 10 түйе, 100 қойдан үлестіріп, Ақшоқыны тұрақты қоныс еткен. Бұлар ел аузындағы әңгіме сүйенсек, Тәкежан алғашында риза болмай, Күнке бәйбішесін іргесіне қыстау салуға бекініпті.

Аяулы мекен Ақшоқы

Шыңғыстаудың баурайындағы Ақшоқының табиғаты да өзгеше. Қысы жайлы, жауған қарды екпінді желімен ұшырып әкететіндіктен малға қолайлы болса, жазда шалғынды, сулы-нулы жерге айналады. Дәл осы өлкеде Абай жары Ділдемен отау құрып, кейін қыстау салады.

Жидебайдың тағы бір ерекшелігі – «Еңлік-Кебек» поэмасына арқау болған тарихи оқиғаның ізі. Шәкәрімнің «Надан жұрттың болады діні қатты, Қабекеңе тапсырмай аманатты, Шеткі Ақшоқы басында қалған бала, Шырқауар күн батқанша жылап жатты», деп суреттеген Шеткі Ақшоқы да – осы өңір.

Жидебайдан ілгерілей бергенде, алдымызда тағы бір тарихи орынға келдік. Бұл өлке есімі елге ерте танылған Күшікбай ба-

тырдың қонысы болған. Уақтың өжет ұлы небәрі он жеті жасында батыр атанып, айбынымен жұртқа мәлім болған. Ал, төңіректегі Ералы жазығы – кендігімен, сұлулығымен көз тартатын алқап. Негізгі атауы – Көкжайдақ. Ұзындығы алпыс шақырымға, ені жиырма шақырымға созылып жатқан бұл жазық – малға да, елге де қолайлы мекен болған. Құнанбайдың: «Мен қалың жылқымының бір шетін Қара Ертістен, екінші шетін Балқаштан сугарамын» деуі де тегін емес еді. Ол сөздің астарында жерге ғана емес, елге иелік ету, халықты біріктіру мұраты жатқанын аңғару әсте қиын емес.

Сырт Қасқабұлақтың сыры

Тобықты Әнет бабаның қонысы саналатын Қасқабұлақ – осыдан 180 жыл бұрын ұлы Абай дүние есігін ашқан ұлық мекен. Ел аузындағы аңыз бойынша, сәби Абай жарық дүниеге келгенде киіз үй іші қызылды-жасылды түрге боялғандай болыпты. Мұны

шелері дөңгелек үстелде бас қосып, ойталқы жасап, өзара пікір алмасты. Өркім жүрекжарды ойымен бөлісіп, алдағы игі істердің бағыт-бағдары жөнінде арқа-жарқа әңгіме өрбітті.

«Елтану» экспедициясының әр сапарына қалмай қатысып жүрген Майра Абдрахманова бұл жолы да орамды ойларымен бөлісті. Сонымен бірге ол Қарағандыдан ала келген құнды кітапты Достық үйіне естелік ретінде сыйға тартты. Достық үйіндегі кездесуде әртүрлі этнос өкілдері сөз алып, өздерінің Семей жерінде тамырын тереңге жайғанын, бейбітшілік пен бірлікке деген адалдықтарын паш етті. Қазақы кеңпейлідік пен көпұлтты қоғамның жарасты ынтымағын осыдан-ақ айқын сезе алдық.

Ескерткіш алдындағы елдік үн

Алаштың астанасы қарт Семей – небір қатпарлы тарихтың куәгері. Абай еліндегі бас ақынның еңселі ескерткіші қаланың қақ



кейін естіп таңданған анасы Ұлжанға:

– Апа, мен туған сәтте неге үй іші өзгеше кейіпке енді? – деген екен.

Ұлжан сасқалақтап:

– Балам-ау, жегелерің текемет басып жатқан, содан болса керек, – деп жауап берген. Осыдан-ақ Абайдың ой-сезімі шыр етіп туған сәттен бастап зерек болғанын аңғаруға болады.

Мұхтар туған мекен

28 қыркүйек, 1897 жыл. Бөріліде болашақ заңғар жазушы Мұхтар Әуезов шыр етіп дүние есігін ашады. Қасқырдың ұясы болған бұл мекеннің атауы да тегін қойылмаған. Кейін Мұхтар әлемге әйгілі «Көксе-рек» шығармасын жазғанда да туған топырақтың тылсым сырын арқау еткені анық.

Мұханның 90 жылдығына арнап қайта өңделіп, ашылған бұл мұражайға аялдаған мезетте-ақ бізді музей-үйдің жетекшісі Шағжан Бекенұлы Исабаев жылы шпіраймен қарсы алды. Мұхтардың ата-анасы да үйден алыс емес қыратта жерленген екен. Дұғамызды қайырып болғаннан соң заңғар жазушымыз тұрған үйге кірдік. Босағадан аттай бергенімізде Текелінің мәрмартасынан қашалып жасалған Мұхтардың мүсіні қасқайып тұрғанына тамсандық. Артындағы гобелен колонері арқылы кестеленген кілемде Шыңғыстаудың қырат-жоталары, жүгірген аңынан бастап, ұшқан құсына дейін бейнеленген. Мұражайдың қайта жасакталуына Мұхтардың шәкірті Қайым Мұхамедханның ерекше еңбегі сіңген.

Жылы жүзбен құшақ жая күтіп алған Шағжан ағамыз, әр жәдігерді, әр бөлмені, тіпті, шұғылалы мекеннің шежіресін жіпке тізгендей тарқатып берді.

Осындай ғибратты әңгімелерімен өлке тарихының тағылымын тереңінен сездірген ағамызға айрықша алғысымызды білдіре отырып, «Қайдасың, қарт Семей?» деп теріскейді бетке алып, жол тарттық.

Сапардың екінші күні осылайша Жидебайдан басталып, Қасқабұлақ пен Бөрілі арқылы жалғасып, қарт Семейге қарай бағыт алды.

Алаштың астанасы – Семей

Үшінші күнгі сапарымыз Семей шәрінен өрбіді. Семей десе, сұркия саясат дәуірінде аждабадай болған атом сынақтары ойға оралуды жасырын емес. Ұлылар мекені жарты ғасырға жуық қасіреттен көз ашпады. Осы қасіретті еске салып тұрған еңселі тас тұғыр – Түйемойнақ аралындағы Семей полигоны құрбандарына арналған монумент. 2002 жылы орнатылған мүсін композициясында ананың сәбиін қорғаштап тұрған бейнесі кез келген жанға тебіреніс сыйлап, бір сәт өткенге көз жүгіртуге мүмкіндік береді.

Достық үйіндегі құрмет

Өткен тарихқа көз тастап, тебіреніс сезімінен соң бізді Семейдің Достық үйінің ұжымы ізгі ілтипатпен, ұлттық дәстүрге сай сән-салтанатпен күтіп алды. Шаңырағы кең ғимараттың ішінде қазақы қонақжайлықтың лебі есіп тұрды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мү-

төрінде қасқайып тұр. Сапар жобасының арнайы мұраты да сол – Абай атамызға тағзым ету. Біз де ескерткіш алдына гүл шоқтарын қойып, бас иіп құрмет көрсеттік.

«Алаш арыстары»

музей-үйі – ұлағат ұясы

XIX ғасырдың екінші жартысында бой көтерген екі қабатты ғимараттың төменгі бөлігі кірпіштен өріліп, жоғарғысы ағаштан тұрғызылған. Оның алғашқы иесі – Шыңғыс болысының тумасы, Абайдың замандасы әрі шәкірті Әнияр Молдабаев. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Данияр Қондыбаев бейнесінің негізі де осы Әнияр. 1898 жылы ол бұл үйді Москвин деген көпестен Абайдың қаржылай қолдауымен сатып алған.

Сол кезден бастап бұл үй Алаш арыстарының бас қосатын, ұлт болашағын талқылайтын қасиетті орынға айналды. Мұнда Абайдың ұлдары, Шәкәрім, Көкбай Жанатаев жиі келсе, Ахмет Байтұрсынұлы зайыбымен бірге біршама уақыт тұрған. Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов секілді тұлғалар да талай мәрте мәслихат құрған. Мұхтар Әуезов те ресми құжаттарында осы үйді мекен ретінде көрсетіп отырған.

Абай мұрасымен

сусындаған сәт

Шырайлы Шығыс өлкесі – қазақ руханиятының алтын бесігі. Небір алпауыт тұлғаларды дүниеге әкелген қасиетті топырақтың көшбасшында, сөз жоқ, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған хакім Абай Құнанбайұлы тұрғаны кәдік.

Солардың ішінде «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік әдеби-мәдени қорық-мұражайы – Абай әлемінің қазыналы ордасы. Мұнда ақынның асыл бейнесі ғана емес, тұтас бір дәуірдің тағылымы жаңғырады.

Бір қызығы, дәл осы қасиетті ордада экспедиция мүшелері аймақ әкімі Берік Уәлимен, сондай-ақ, Сыр елінен келген Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен ұшырасты. Қала күніне орай арнайы келген делегация құрамы да Семейдің туған күніне концерт тарту етіпті. Қос облыстың басшылары сапар мүшелеріне ізгі ілтипат көрсетіп, ыстық ықылас білдірді.

Сөз түйіні

Қастерлі Қарқаралыдан басталып, қарт Семейге ұласқан үш күндік экспедиция өткеннің онегесін, ұлт руханиятының тамырын қайта айшықтаған айрықша сапар болды. Алаш арыстарының асыл аманаты мен Абайдың мәңгі мұрасы – Ұлттың шамшырағы іспетті. Айрықша сапарда осындай айтулы олжа мен ғажал рухқа кенелген бізде де сірә арман бар ма?! Енді елге қарай бет бұрдық. Қасиетті топырақты қимай келеміз...

ҚАРАҒАНДЫ-ҚАРҚАРАЛЫ-БАЛҚАНТАУ-ҚАРҚАРАЛЫ-СЕМЕЙ-ҚАРАҒАНДЫ

Суреттер ұйымдастырушылардан



• ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІ

Қажымайтын күрескер еді

Бүгінгі әңгіменің кейіпкері – журналист-жазушы, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, публицистикалық шығармалар бойынша өткізілген республикалық конкурстардың бірнеше дүркін жеңімпазы Мақсым Омарбекұлы. Мақаң туралы бас тақырыпта берілген сөз тіркесінде ешқандай эпитет те, гипербола да жоқ. Әйгілі Мәдидің сөзімен айтқанда, ол «Қайрап ап қалың жауға сермегендей» көк семсер болып соғылған қажырлы тұлға еді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1978 жылдың қарашасында әскери қызметтен оралып, бұрынғы Талды аудандық «Шұғыла» – «Восход» газетінің тілшісі болып орналасқан кезден Мақаңды жақсы танып, інілік ілтипатпен сәлем беріп жүрдім. Қарағайлыда баспахана болмай, газетті Қарқаралының баспаханасында бастырғандықтан, жиі кездесуші едік. Бірақ, кең отырып, ішімізді ақтарып сөйлескеніміз 1981 жылдың жазы болса керек. Әлдебір жұмыстармен республиканың сол кездегі астанасына барып, екі-үш күннен кейін «Алматы-Қарағанды» пойызына мінсем, Мақсым аға бұрын келіп жайғасып алыпты. Тәулікке таяу жүретін жолда серік табылып, екеуміз де қуанып қалдық. «Ақ жаңбыр» деген алғашқы кітабын «Жалын» баспасына тапсырып келе жатқан Мақаң қуанышты екен. Ақиқатшылдығы, ірі қызметтегілерден ықпай тең сөйлесетін «қыңырлығы» үшін биліктегілерге жақпайтын қаламгердің алдынан тосқауыл шыға беретінін әріптес ағалары үнемі ескертіп, Мақаңды «түзу жолға» салғылары келеді екен. Бірақ, сүтпен біткен мінез сүйекпен кететіні рас, бұл кісі қақпай-ға көне қоймайды. Мына «Ақ жаңбырдың» жолы ашылуына сол кездің өзінде-ақ зор талантымен қоса ұлтшылдығымен ерекшеленген Мұхтар Мағауиннің шапағаты тиген дүр. Мақсым аға туып-өскен Абыралы өңіріне күйеу болғандықтан емес, «...сенің кітабыңа оң пікір білдіргенім, жазушы ретінде үміт күткенім ғой» деп өзі айтқандай, замандасының «талағында биті барын» танығандықтан шығар.

Отаршыл Ресей империясының орнын басқан кеңестік-коммунистік қоғам қазақ халқына төндірген ауырлық пен қыспақты Мақаң бала кезінен бастан кешті. Ол II дүниежүзілік соғыс енді ғана қарқын ала бастаған 1940 жылдың қыркүйек айында Семей (қазіргі Абай) облысының бұрынғы Абыралы ауданында жарық дүние есігін ашыпты. Кеңестік тарихта «Ұлы Отан соғысы» деп айдар тағылған қырғында әкесі Омарбек опат болғанда Мақсым 4 жастағы балдырған екен. Анасы Қадияша мен нағашыларының қамқорлығы арқасында жетімдікті көп сезіне қоймаса да, тағдырдың басқа салған басқа ауыртыпалығы да жеткілікті болады. Аудан орталығы Қайнардың мектебінде оқып жүрген кезінде, 1949 жылы қазақ халқына атом апатын әкелген Семей ядролық сынақ полигоны ашылып, суы бал, түгі май өңірдің ту-талақайын шығарды. 1955 жылы Абыралы ауданы таратылып, тұтас ауылдар жойылып, тұрғындар жан-жаққа босып кетеді. Мақсым ағаның мектеп бітіруін ғана күтіп отырған әулет, ол аттестат алғаннан кейін Қарқаралыға, бабаларының ата қонысына бет түзейді. Мұнда көшіп келгеннен кейін Қарағанды мемлекеттік педагогика институтының тарих-педагогика факультетіне түскен екен әулет түлегі.

Шығыс Сарыарқа – қазақ халқы азаттығының алтын бесігі. «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпанын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басамыздан сөзді асырмаған елміз», – деген Қаздауысты Қазыбектің рухы атоялаған, 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде әйгілі Қарқаралы құзырхаты (петициясы) жазылған қасиетті жерде, оны әзірлеген Әліхан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақбайұлы, Әлімхан Ермеков сынды Алаш арыстарының кіндік қаны тамған, еңбегі сіңген топырақта саналы ұрпағын ұлт бостандығы жолындағы күреске шақыратын ұшқын қалмауы мүмкін емес. Өткен ғасырдың 40-50 жылдары осы ұшқынды Қарағанды мұғалімдер институтының Б.Ысқаков, Ж.Өмірбеков, Қ.Ыдырысов, Ж.Баяхметов, Д.



Мырзахметов, Д.Тұрғанбаев сынды студенттері үрлеп лаулатқан еді. Сол үшін олардың алды бас бостандығынан айырылып, КарЛаг пен СтепЛаг-қа қаторғаға айдалса, біразы қызметтен алынып, қуғын-сүргінге түседі. Олар Сталин өлгеннен кейін, елуінші жылдардың ортасында ғана бостандыққа шықты. Алпысыншы жылдардың басында Қарағанды мемлекеттік педагогика институтында азат ойлы жастардың жаңа толқыны пайда болды. «Жас қазақ» атауымен құрылған ұйымның мүшелері кеңес билігі ұйым салған Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды қайраткерлердің шығармаларын оқып, жастардың ұлттық рухын оятатын насихат парактарын таратқаны үшін жазаланады. Соның ішінде, болашақ журналист-жазушы Мақсым Омарбекұлы мен ақын Кәрім Сауғабай оқудан шығарылып, саяси көзқарастарын түзету үшін қой бағуға жіберіледі.

– Студенттерді жазалаған жиналыс үстінде басқалар үндемей қалса да, беті қайтпайтын Мақсым, ректорат, партия мен комсомол ұйымдарының өкілдеріне, деканға қарап: – Институт профессорлары мен доценттер түзете алмаған саяси көзқарасымды совхоздың қойшысы мен қойы түзете ала ма? – деп сұрақ қойған еді. Өрине, институт басшыларының оған қайтаратын уәжі жоқ. Бірақ, коммунистік жазалау машинасы тоқтай ма? Белсенділер оқудан, комсомол қатарынан шығарылып, бір жыл жұмыс атқарып келгеннен кейін ғана институт бітіріп, диплом алды, – дейтін еді Мақсым мен Кәрім ағалардың замандас, курстас досы Серікбай Алпысұлы.

Кәрім Сауғабай бір жыл «Арқалық» совхозында көмекші шопан болып еңбек етеді де, Мақсым Омарбекұлы денсаулығына байланысты Егіндібұлақ аудандық газетінің редакциясында корректор қызметін атқарады. Ол институт бітірген соң да осы басылымға келіп, тілші, жауапты хатшы болыпты. 1968 жылы Егіндібұлақ аудандық партия ұйымының «тазалалу» пленумынан кейін қызметтен кеткен Мақсым аға Қарқаралы аудандық «Коммунизм таңы» (кейін «Қарқаралы» атанды) газеті редакциясына ауысып, қаламының сиясы кепкен сәтке дейін тілші лауазымында жұмыс істеді. Оның еңбек кітапшасының соңғы парағына осы газеттің мөрі басылған. Айтпақшы, 2003-2007 жылдары облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің Қарқаралы ауданы бойынша меншікті тілшісі қызметін қоса атқарды.

Мақаңның журналистік еңбегі де, көркем шығармалары да принципшіл туралығымен, өткірлігімен ерекшеленетін. Алған тақырыбының өзектілігі мен фактілерінің ақиқатығына көзі жетсе, жергілікті басшылардың бет-жүзіне қарамай, «сойып салатын». Өзі қызмет істеген газеттің редакторы

қорқақтық танытса, облыстық, қала берді республикалық басылымдарға жолдап жібереді. Сол үшін қызметтен босап, бірнеше ай жұмыссыз жүрген кездері де болды. Бірақ, мойымады, талмай күресіп, сот арқылы орнына оралып жүрді. Ұстанған жолы шындық болғаннан кейін, Мақсым аға ақиқатты ту еткен Жұмабай Орманбаев, Ғабдиман Игенсартов, Әбікен Бақтыбаев, Шаймаран Мезгілбаев, Сапарғали Ләмбеков, Жолкен Тайтөлеуов сынды ағалары, замандас әріптестері жайлы үнемі жақсы лебіз білдіретін еді. Мысалы: «1947-1951 жылдарда аудандық газетте жауапты хатшы, 1951 жылы «Еңбек майданы» газетінде редактор болған Әбікен Бақтыбаев та қаламы ұшқыр, өз басы арыстандай айбатты, ешкімнен қорқып-үрікпейтін өжет журналист еді. Өзі редактор болып тұрған уақытта Әбекең ұлтшыл ретінде қамаудан қайтқан Рамазан Нәрешұлын, сталиндік зұлмат тәксіретін тартқан қаламы жүйрік журналист Гардерді, болмашыдан жала жабылып лагерь дәмін татқан Шаймаран Мезгілбаевты, аупарткомның қарсы болғанына қарамай, аудандық газетке қызметке алатын да осы кісі. Сол үшін аупарткомның хатшысы Ергебеков «Сені түрме күтіп тұр» деп зіркілдепті. Бірақ, Ә.Бақтыбаев азаматтық деңгейін бір мысқал да төмендеткен жоқ.

... 80-жылдардың соңына қарай осы жолдардың авторы – өзім де қызметтен шығып қалдым. Бұған аупарткомның бірінші хатшысы бастамашы болса да, оны іске асыруға ерікті-еріксіз сол кездегі редактор мен орынбасары білек сыбана кірісті. Сол күндерде өткен партия жиналысында Әбікен Бақтыбаев ол екеуін де қызметтен босату керек деп ұсыныс жасап, қаулы алғызып жіберді.

– Бұл не сұмдық?, – деп зіркілдепті бірінші хатшы Қ.Жақыпов, – газеттің екі бірдей басшысын бір жиналыста өздері алып тастапты. Бұл деген анархия емес пе?!

– Жоқ, бұл демократия! – деп қайтпас қайсар Әбекең де отырып алыпты. Ақыры, сол екеуі де басшылық лауазымынан айырылып, жұмыстан шықты, – деп жазды Мақаң Ә.Бақтыбаев туралы «Тасқа түскен тарих» деген эссесінде (М.Омарбекұлы. «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» – Қарағанды, 2010).

Әр жылдары Мақаңның «Ақ жаңбыр», «Адам ізі», «Махаббат пен қиянат», «Сағыныш ғұмыр, сағым жылдар», «Арпалыс», «Өмір өткелдері», «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» тәрізді көркем және деректі шығармалары топтастырылған кітаптары жарық көрді. Сонымен бірге, публицистикалық туындылары мен есселері көптеген ұжымдық жинақтарға енді.

Мақаң өмірдің өзекті мәселелерін көтерген, адамгершіліктің ақ жолынан тайғандарға қаламы көк найза болып елестейтін жауынгер журналист-жазушы ғана емес, өзі өмір сүрген, еңбек еткен ортаның, адамдардың мұн-мұқтажын билікке үлкен мінберлерден айта алған қоғам қайраткері де еді. Ол 1990-2003 жылдары үш мәрте облыстық кеңес пен мәслихатқа депутат болып сайланды. Халық қалаулысы мандатын қазіргідей партиялық тізіммен емес, баламалы сайлау жолымен, облыстық партия комитетінің хатшысы, облыс әкімінің орынбасары сияқты лауазым иелерімен тартыста иеленді Мақсым аға. Әсіресе, ол кісінің соңғы рет сайлауға түскені ұмытылмайтай есте қалды. Қарсыласы – қаржысы да, қолдаушылары да мол ірі лауазым иесі еді. Олар бірнеше шет елдік көлікпен жалаулатып жүрсе, Мақаң бір-екі серігін ғана жанына алып жаяу аралады электоратын. Оның үстіне, шындықты шырқыратып жайып салатын депутаттың облыстық мәслихат депутаты болуына сайлау комиссиясы да құштар емес-ті. Бірақ, Қарқаралы – Егіндібұлақ өңірінің тұрғындары дауыс беру барысында депутат мандатын лауазым иесінен Мақсым Омарбекұлына тартып әперді. Кейіпкеріміз халық сенімін ақтап, құлақ асатын билікке жалпы жұрттың жанайқайын әрдайым жеткізе білді. Мақсым ағаның халық арасындағы беделі осындай еді.

Мақсым Омарбекұлы 2016 жылдың қазан айында, 76 жасында қайтыс болды. Қазір жер басып жүрсе әріптес ағаның туғанына 85 жыл толатын күнін атап өтуге қам жасап жатар едік.

Нұра және Осакаров аудандарында тұратын 70 жастан асқан адамдарға қаражат қарастырылған. Қалған қала-аудандарда төлемдер 75 жастан асқан тұрғындарға беріледі.

Бұдан бөлек, Қарағанды облысының барлық өңірінде демеушілердің көмегімен қайырымдылық акциялары өткізіледі.

Өз тілшімізден

Юрий Аркадьевич ШЕРСТОВ Наталья Евгеньевна ШЕРСТОВА

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы денсаулық сақтау саласының ардагерлері Юрий Аркадьевич Шерстов пен Наталья Евгеньевна Шерстованың қайғылы қазаға ұшырағанын терең күйзеліспен хабарлайды.

Юрий Аркадьевич Шерстов 1948 жылғы 5 тамызда дүниеге келіп, 1972 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын тәмамдаған. Сол жылы Балқаш қаласындағы дәрігерлік-дене шынықтыру емханасының басшысы қызметіне тағайындалып, еңбек жолын бастады.

Ол өмірінің жарты ғасырдан астамын спорттық медицинаға арнады. Қазақ КСР-інің дзюдо, бокс және жүзу бойынша ұлттық құрамаларының, сондай-ақ, халықаралық жарыстарда Қазақстан құрамаларының дәрігері ретінде жұмыс істеді.

КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, жоғары санатты дәрігер болған Юрий Аркадьевич Балқаш қалалық ауруханасының бас дәрігері, қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарып, спорт медицинасын дамытуға және денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыруға өлшеусіз үлес қосты.

Наталья Евгеньевна Шерстова 1949 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. Ол да 1972 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын аяқтап, 39 жылын денсаулық сақтау саласына арнады. Балқаш қаласында психикалық денсаулық қызметін басқарып, осы саланың дамуына зор еңбек сіңірді.

Көп жылғы адал еңбегі үшін Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының, қала және облыс әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Наталья Евгеньевна – жоғары кәсіби біліктілігімен ерекшеленген, талапшыл да принципшіл басшы, сондай-ақ, бір буын мамандарға тәлімгер болған сезімтал әрі мұқият дәрігер еді.

Шерстовтар отбасы өз ісіне адалдықтың, өзгелерге шын ниетпен қызмет етудің жарқын үлгісі болды. Олардың өмірден озуы – Қарағанды облысының медицина қауымдастығы үшін орны толмас ауыр қайғы.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы марқұмдардың туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Юрий Аркадьевич пен Наталья Евгеньевна туралы жарқын естеліктер олардың әріптестері мен шәкірттерінің, және де оларды таныған жандардың жүрегінде мәңгі сақталады.

Жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.

Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы

№178

Юрий Аркадьевич ШЕРСТОВ Наталья Евгеньевна ШЕРСТОВА

Қарағанды қаласы «№3 Көпбейінді ауруханасы» ШЖҚ КМК ұжымы құрметті әріптесіміз, директорың медициналық бөлім жөніндегі орынбасары Сергей Юрьевич Шерстовқа ата-анасы – Юрий Аркадьевич Шерстов пен Наталья Евгеньевна Шерстованың қайғылы қазаға ұшырауына байланысты қайғыра көңіл айтады.

Юрий Аркадьевич – өзінің бүкіл ғұмырын медицина мен адамдарға арнаған денсаулық сақтау саласының ардагері, спорттық медицина саласының көрнекті маманы, жоғары санатты дәрігер, «КСРО Денсаулық сақтау үздігі», қалалық медициналық мекемелердің басшысы болған. Оның есімі Қазақстандағы спорттық медицинаның дамуымен тікелей байланысты.

Наталья Евгеньевна – тәжірибелі психиатр-дәрігер, ұзақ жылдар бойы Балқаш қаласында психикалық денсаулық қызметін басқарған. Ол өзін жоғары кәсіби біліктілігімен, принципшілдігімен және жанашырлығымен танытты, жас әріптестеріне нағыз тәлімгер бола білді.

Юрий Аркадьевич пен Наталья Евгеньевнаны білетін, олармен бірге еңбек еткен, тәлімін алған жандардың жүрегінде олардың жарқын бейнесі мәңгі сақталады.

Бұл орны толмас қазаға ортақтаса отырып, біз әріптесімізге ауыр сәтте қолдау білдіреміз.

Марқұмдардың туған-туыстарына бұл қайғыны еңсеруге сабыр мен күш-қуат тапсын.

Жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.

Қарағанды қаласы «№3 Көпбейінді ауруханасы»

ШЖҚ КМК ұжымы

№178

1. «ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8 (7212) 41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

– Санат қалалық қазынашылық басқармасының: 8 (72137) 5-11-44; – Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8 (72156) 3-91-84; – Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8 (7213) 98-10-18; – Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (72146) 3-17-38; – Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (72154) 2-12-87; – Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (72144) 5-29-88; – Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (72149) 4-18-90; – Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (72131) 4-47-37; – Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (71037) 2-10-11; – Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8 (71036) 4-07-49; – Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8 (71039) 5-20-45; – Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8 (71031) 2-18-06.

2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы «terkom_kar@minfin.gov.kz».

д

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fnk.kar@minfin.gov.kz

• ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қарттарға құрмет – қоғамға міндет

Өңірде 70 жастан асқан 51 мыңнан астам қарияға біржолғы материалдық көмек көрсетіледі. Қарттар күніне орай, зейнеткерлерге жергілікті бюджет есебінен 10-20 мың теңге көлемінде қаржы төленіп, демеушілердің қолдауымен қайырымдылық шаралары ұйымдастырылады.

Қарағанды, Балқаш, Приозерск, Саран, Теміртау қалаларының, сондай-ақ, Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров және Шет аудандарының зейнеткерлеріне 20 мың тең-

геден төленеді. Шахтинскіде – 10 мың теңгеден.

Теміртау мен Шет ауданында біржолғы материалдық көмек қазан айында басталады. Айта кетейік, Балқаш, Ақтоғай,

